Қоғамның қазіргі даму кезеңінде университет түлектеріне қоятын талаптары құрылған жоғары білім берудің жалпыға міндетті білім стандартында [1] көрсетілген кредиттік-модульдік технологияны пайдалана отырып, құзыреттілікке негізделген тәсілдемеге негізделген. Бұл тәсілдеме бакалавриат түлектерінің кәсіби іс-әрекетіндегі әдістемелік, жобалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының рөлін арттыруды, оның ішінде оқытудың математикалық бағыттарын және ақпараттық технологиялармен байланысты мамандарды даярлау бағыттарын қарастырады. Кәсіби құзыреттіліктер жүйесінде жетекші құзыреттіліктердің бірі практикалық іс-әрекетке қатысты – ғылыми-зерттеу құзыреттілігі болып табылады [2]. Оның математикалық және ақпараттық технологиялармен байланысты білім беру бағыттарына жалпы мәдени (ЖМ) және кәсіптік (КК) бірқатар құзыреттіліктерінде айқын емес түрде көрініс табатыны белгілі.

«БВ06140-Математикалық және компьютерлік модельдеу» білім беру бағдарламасын талдай отырып, түлектердің ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығын дамытуды көздейтін келесі құзыреттерді атап көрсетуге болады:

- ойлау мәдениетін меңгеру, ақпаратты жалпылау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау қабілеттілік;

– заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, қолданбалы есептерді қою және шешу қабілеттілік; математикалық есептердің қойылымдарын талдауда алгоритмдік модельдеу әдісін меңгеру;

– қолданбалы және инженерлік есептерді талдау мен шешуде, басқару есептерін талдауда математикалық және алгоритмдік модельдеу әдістерін меңгеру;

– ақпаратты математикалық өңдеу әдістерін қолдана білу, теориялық және эксперименттік зерттеулер, білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану.

Жоғарыда аталған құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін мемлекеттік білім беру стандарты ақпараттық технологиялар құралдарын кеңінен қолдануды ұсынады. Осылайша, зерттеушілік құзыреттілік іргелі білімнің үйлесімін және ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалана отырып, оны тәжірибеде қолдануға дайындығын білдіреді. Яғни, білім берудің іргелілігі мен қолданбалы практикалық бағыттылығын білдіреді.

С.А.Розанованың пікірінше, білім берудің кәсіптік-практикалық бағыттылығы оқу пәндерінің пәнаралық байланысын ұйымдастыру негізінде білім мазмұнын іріктеуді болжайды [3].

Сонда, жоғарыда аталған қажетті құзыреттіліктерді қалыптастырудан тұратын білім берудің қойылған мақсаттарына жету үшін оқу үрдісін білім беру мазмұнының мақсаттарына негіздеп, ақпараттық технологиялар құралдарын кең қолдана отырып, оқу пәндерінің пәнаралық байланысын іске асыру арқылы ұйымдастыру қажет.

Математикалық және компьютерлік модельдеу математикалық пәндерді оқыту процесінде интеграциялық құрал ретінде қызмет ете алады.

Математикалық модель – математикалық белгілерді: формулаларды, теңдеулер мен басқа да математикалық қатынастарды пайдалана отырып, кез келген нақты объектіні сипаттау болып табылады [4].

Математикалық модель белгілі бір мәтіндік есепті математикалық аппараттың көмегімен формализациялау нәтижесінде пайда болады. Формализация – нақты объектіні немесе процесті оның формальды сипаттамасымен ауыстыру болып табылады.

Есепті формализациялау кезеңі ең маңызды және сонымен бірге ең қиын кезеңдердің бірі болып табылады, өйткені математика модельдеу процесінде объектілер мен олардың қасиеттерін алмастыратын абстрактілі ұғымдармен жұмыс істейді. Бұл кезеңде модельденетін нәрсені нақты гуманитарлық (ауызша) түсіну маңызды.

Математикалық модельдеу ғылыми-техникалық прогрестің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан ақпараттық технология саласындағы заманауи маман кәсіби қызметті табысты жүзеге асыру үшін математикалық және компьютерлік модельдеу әдістерін меңгеуі қажет

Көптеген математикалық модельдер компьютерде аналитикалық немесе сандық есептеулерді, яғни компьютерлік экспериментті қажет етеді. Математикалық модельді ақпараттық технология көмегімен жүзеге асыру модельдеудің арнайы құралдарына негізделген компьютерлік модельді алуға мүмкіндік береді. Компьютерлік модельдеу толық масштабты тәжірибе жүргізу мүмкін болмаған жағдайларда қажет: тарихи оқиғаларды модельдеу, космологиялық теориялар және т.б.

Объектінің өзімен емес, оның моделімен жұмыс істеу кез келген жағдайда оның беталысын қауіпсіз тексеруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қазіргі уақыттағы компьютерлік технологияның қарқынды дамуында өзекті болып отыр. Заманауи компьютерлердің алгоритмдері мен есептеу қуатының жетілдірілуімен математикалық модельдеу әдістемесі де дамып келеді.

Математикалық модельдеу әдістері пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін пәнаралық қызметтің бір түрі. Өртүрлі ғылым салаларындағы есептерді шешу үшін сәйкес математикалық модельдер құрылып, зерттеу үшін ақпараттық технология құралдары кеңінен қолданылады [5].

Ақпараттық технологиялар көкжиекке бұрышпен лақтырылған дененің қозғалысын имитациялау кезінде модельдеу нәтижелерін, мысалы, графикалық кескінді

визуализациялауға кең мүмкіндіктер береді. Компьютерлік модельдеу математикалық модельді құрумен байланысты есептер кластарын шешудің әмбебап құралы болып табылады.

Компьютерлік модельдеуге арналған түрлі дереккөздерді талдау негізінде функционалдық мүмкіндіктеріне қарай математикалық модельдерді зерттеу және нақтылау үшін компьютерлік модельдеу құралдарының келесі класстарын ерекше атап өтуге мүмкіндік береді (кесте 1).

Кесте 1. Компьютерлік модельдеу құралдарын классификациялау

Компьютерлік модельдеу құралдарының класстары	Функциялары
Бағдарламалау тілдері және жүйелері (Python, C++, Visual Studio, Rad Studio)	Есептің түріне, модельдеу мақсатына және нәтижені көрсету формасына қарамастан кез келген математикалық модельді зерттеуге мүмкіндік береді, пайдаланушы-бағдарламашы математикалық модель негізінде алгоритм мен компьютерлік модельді өз бетінше құрастырады және модельдеудің әрбір кезеңінде үлгіні нақтылауға мүмкіндігі бар. Белгілі бір пәндік салада анықталған модельдерді зерттеуге арналған мамандандырылған қолданбалы бағдарламаларды құру құралы болып табылады
Аналитикалық және символдық түрлендірулердің математикалық пакеттері (MathCad, Maple, Mathematica, MathLab және т.б.)	Құрастырылған математикалық модельдер үшін күрделі математикалық есептеулерді орындауға мүмкіндік береді, мысалы қарапайым және дифференциалдық теңдеулер жүйесі, модельдеу нәтижесінің графикалық көрінісін қажет ететін есептерді шешу үшін қолайлы болып табылады
Модельдерді зерттеуге арналған арнайы бағдарламалар (AutoCad, SCAD Office, ADAMS, Mechanical динамикасы)	Бағдарламалау ортасының көмегімен жасалған, белгілі бір математикалық модельдерді зерттеуге мүмкіндік береді; есептеу алгоритмін түбегейлі қарастырмастан, бастапқы деректер енгізу және нәтижені көрсету үшін пайдаланушы мен компьютер арасындағы диалогты қамтамасыз етеді (мысалы, көкжиекке белгілі бұрышта лақтырылған дененің траекториясын құру бағдарламасында енгізуді талап ететін бастапқы мәліметтер: дененің бастапқы жылдамдығы және бастапқы бұрышы)

Белгілі бір модельдерді зерттеуге арналған мамандандырылған бағдарламалар студенттерді оқытуға аса қызығушылық тудырмайды, өйткені олар түсінікті және тек пән саласындағы кәсіби мамандарды қызықтыратын есептердің арнайы кластарын шешу үшін бар математикалық модельді пайдалана отырып, есептеулерді орындауға бағытталған.

Компьютерлік модельдеуді жүзеге асыру үшін қолданбалы математикалық пакетті таңдау модельдеу мақсатына және соңғы нәтижені көрсетудің қажетті формасына байланысты болады. Математикалық қосымшаларға құрастырылған модельді зерттеуге арналған дайын құралдар жатады, олардың көмегімен студент талап етілетін нәтижеге байланысты формальды есепті шешу алгоритмін құрастырады. Мысалы, модельді графикалық түрде (график) көрсету үшін әр түрлі типтегі графиктерді құруға мүмкіндік беретін MathCad математикалық пакетін жазықтықта және кеңістікте пайдалану орынды болады. Егер формалды модельді зерттеу оның бейнеленуін жеңілдету үшін көптеген символдық есептеулер мен түрлендірулерді қажет етсе, Maple қолданылады. Электрондық кестелік процессорлар, мысалы Excel, модельдердің әртүрлі түрлерін құруға және зерттеуге мүмкіндік береді: математикалық, физикалық, статистикалық, биологиялық және т.б.

Бағдарламалау ақпараттық технологиялар көмегімен модельдеудің әмбебап құралы болып табылады. Бағдарламалау тілдері мен жүйелерін пайдалана отырып, компьютерлік модельдеуді үйрену мектептен басталады: бағдарламалау негіздері информатика бойынша дайындықтың базалық деңгейінің бөлігі ретінде, орта мектепте, оқытудың жоғары деңгейінің бөлігі ретінде бағдарламалау тілдері мен жүйелері қарастыру жалғасады. Н.В.Макарова мен Ю.Н.Нилованың пікірінше, бағдарламалау ортасында модельдеу кезінде түрлі программалау тілінің құралдарын пайдалана отырып, кез келген модельдеу мақсатын жүзеге асыруға болады: мәтінді өңдеу, сандық мәліметтерді өңдеу, графикалық құралдар және т.б.[5].

Бағдарламалау ортасында модельдеу оқушылардың келесідей, дағдыларын дамытуға ықпал етеді: алгоритмдік ойлау; жоғары деңгейлі алгоритмдік тілде бағдарламалар құру; бағдарламалау тілінде есептің шешімін жазу және бағдарламаны реттеу, компьютерлік-математикалық модельдер идеясын (базалық деңгейде); қолданбалы есепті ресімдеудің қарапайым дағдыларын және компьютерлік-математикалық модельдерді құру және пайдалану тәжірибесі, эксперименттер жүргізу, модельдеу кезінде алынған нәтижелерді интерпретациялау (ілгері деңгейде).

Математикаға, информатикаға, ақпараттық технологияларға, оның ішінде педагогтардың білім беру салаларына арналған білім беру бағдарламаларына байланысты мамандарды даярлау бағыттары үшін жоғары білім деңгейінде осы құзыреттерді дамыту міндеті өзекті болып көрінеді. Компьютерлік модельдеу әдістерін меңгеру оқушылардың математикалық білімдерін жүйелеуге, олардың математикалық әдістердің практикалық маңызы туралы түсініктерін дамытуға, математика мен информатиканың тығыз байланысы туралы түсініктерін қалыптастыруға, зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді [6].

Сонымен қатар, тәжірибе мен ғылыми, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді талдау көрсеткендей, көп жағдайда студенттер бастапқы курстарда жеке пәндер бойынша алған білімдерін жиынтықта қолдануға дайын болуды талап ететін мәселелерді шешуде қиындықтар туындайды. Компьютерлік модельдеу студенттердің математикалық білімдерін жүйелеуге ықпал етеді; математикалық әдістердің практикалық маңызы туралы түсініктерін дамыту, математика мен информатиканың тығыз байланысы туралы түсініктерін қалыптастыру, сонымен қатар зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру [7].

Пәндерді оқытудың кең таралған екі тәсілдемесі бар, соның ішінде компьютерлік модельдеуді қолдану. Бірінші тәсілдеме мұғалімнің есепті шешудің математикалық және компьютерлік моделін құрастырып қойғанын (яғни, бағдарлама жазылғанын) болжайды, студент тек тестілеудің соңғы кезеңіне қатысады, бағдарламаның әртүрлі кезеңдерінің орындалуы мен жауап алуын бақылауға мүмкіндік алады. Содан кейін студенттерге күрделірек тапсырма ұсынылады, оны шешу үшін алдыңғы кезеңде оқылған тапсырмадан алынған білімін бағдарламалау ортасының жаңа компоненттерін өз бетінше меңгеруді, модельдеу нәтижелерінің жаңа көрнекі көрінісін әзірлеуді, қосымша математикалық аппаратты пайдалануды және т.б. талап ететін кейбір толықтырулармен пайдаланылады.

Екінші әдістеме оқытудың жобалық әдісіне негізделген, студенттің алдымен математикалық, содан кейін компьютерлік модельді құру және бағдарлама құру бойынша өзіндік жұмысын қамтиды. Бұл тәсілдеме көбінесе дипломдық жұмысын дайындауда, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде және т.б. қолданылады.

Аталған білім беру бағдарламасының пәндерін компьютерлік модельдеуді қолдана отырып, оқыту студенттердің дайын бағдарлама кодын талдауға және оны жаңа есеп шарттарына сәйкес өзгерте алатын қабілетін дамытуға байланысты бірінші тәсілдемені қолданған жөн деп санаймыз. Практикада кәсіби қызмет аясында компьютерлік модельдеу облысының мамандары өзінің нақты шарттарында дайын компьютерлік модельдің түрін өзгертуге тап болады. Көптеген стандартты есептер шешілген, алайда нақты есепке шешімді толықтыру қажет болады.

Компьютерлік модельдер құрудың кезеңдерін талдау арқылы студенттерде қалыптасатын құзыреттіліктерді атап өтуге мүмкіндік береді (2 кесте).

Кесте 2. Модельдеу кезеңдерін зерттеуде қалыптасатын құзыреттіліктер

Компьютерлік модельдеу кезеңі	Модельдеу кезеңдерін зерттеуде қалыптасатын құзыреттіліктер
1. Есепті математикалық сипаттау	Зерттеу мақсатын қою, бар ақпаратты талдау, есепті формалды сипаттауын құру қабілеттері
2. Есеп шешімінің алгоритмін құру	Алгоритмдік және ғылыми ойлау стилінің мәдениетін, заңдылықтарды және мүмкін болатын қайталауларды табу қабілетін, есепке адекватты шешім құралын таңдауды меңгеру
3. Алгоритмді бағдарламалау тілінде жазу	Есеп шешім табуға шығармашылық тұрғыдан кірісу қабілеті, шешімді табуда басқа да оқу пәндеріндегі білімді қолдануға дайын болуы, алгоритмдік модельдеу тәсілдерін меңгеру
4. Бағдарламаны енгізу және синтаксистік талдау	Аналитикалық ойлау қабілеті
5. Бағдарламаны тестілеу және табылған шешімнің дұрыстығын дәлелдеу	Модельдеу нәтижесін адекватты бағалау, шешімнің құрылған алгоритмін жетілдірудің мүмкін болатын жолдарын табу қабілеті

Бағдарламалауды оқытуда мазмұнды негізі ретінде математикалық есептер класын іріктеу дайындық деңгейінің білім бағдарламасының мамандықтың математикалық және компьютерлік негіздері циклі пәндерінің келісілген мазмұнына негізделген болуы тиіс: компьютерлік модельдер құрылатын математикалық негіздері студенттерге белгілі болуы керек. Осыдан бөлек студенттерге түрлі тәсілдемелерді көрсету үшін білім беру мазмұнына жоғары математиканың түрлі бөлімдерінен есептер класын қосу өте маңызды. Оның ішінде:

- математикалық формализм негізінде есептің формалды сипаттауын құру;
- мәліметтердің адекватты құрылымын таңдап алу;
- бағдарламалау ортасының компоненттерін пайдалану арқылы бағдарлама кодын құрастыру және бағдарламалау ретке келтіру;
- модельдеу нәтижелерін көрнекі көрсету үшін бағдарламалық орта таңдау және іске асыру;
- бағдарламаны тестілеу және табылған нәтижелерді талдау.

Компьютерлік модельдеу тәсілдері жайлы студенттер тұтастай елестетуді қалыптастыру үшін түрлі деңгейдегі есептер сериясы әр тақырып бойынша білім беру мазмұнына енгізіледі.

Осылайша, математикалық және компьютерлік модельдеу әдістері ғылымның түрлі облыстарынан қызмет түрлерін және білімдерін біріктіруге мүмкіндік беретін, сондай-ақ студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін дамытуға септігін тигізетін пәнаралық қызмет түрінің бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жоғары білім берудің МЖБС (бакалавр) ҚРБҒМ 31 қазандағы 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген, ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен.
2. Лебедева И.П. О технологиях обучения в вузе на основе математического моделирования // Современные исследования социальных проблем. 2012. №4 (12) [электронный научный журнал]. URL: <http://sisp.nkras.ru/e-ru/issues/2012/4/lebedeva.pdf> (дата обращения: 12.09.2022).

3. Розанова С. А. Математическая культура студентов технических университетов. М.:Физматлит, 2003, 176с.
4. Сұлтанов М. А. Математикалық және компьютерлік модельдеу негіздері. Оқулық. Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014. 299 б.
5. Макарова Н.В., Нилова Ю.Н. Моделирование средствами языка программирования как технология системно-деятельностного подхода в обучении // Пед. образование в России, 2012, №5, С.83-87.
6. Қасқатаева Б.Р., Кокажаева А.Б., Қазыбек Ж. Математикалық модельдеу оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру құралы ретінде // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы 2021, № 1(85), Б. 58-66. DOI: 10.52512/2306-5079-2021-85-1-58-66
7. Лапчик М. П., Семакин И. Г., Хеннер Е. К. Методика преподавания информатики: учеб. пос-е для студентов пед. вузов. М.: Изд. Центр «Академия», 2003. 624с.

Аннотация

Рассматривается процесс изучения компьютерного моделирования на различных этапах образовательного процесса - от школы до высшего образования. Сформулированы компетенции, усваиваемые студентами при изучении компьютерно-математического моделирования, и обоснована необходимость дальнейшего развития компетенций, полученных как в школе, так и в вузе. Предлагается новый способ обучения математике и информатике посредством компьютерного моделирования учащихся в области математики. Данная методика основана на принципах междисциплинарной связи предметов математики и информатики, компетентностном подходе и способствует формированию исследовательской компетентности. Приведены этапы и средства методики создания математической модели задачи, реализации ее на ЭВМ в соответствии с содержанием предмета. Овладев методами компьютерного моделирования, студент получит возможность систематизировать свои математические знания, понять междисциплинарную связь, развить свою исследовательскую компетентность.

Abstract

The process of studying computer modeling at various stages of the educational process - from school to higher education is considered. The competencies acquired by students in the study of computer-mathematical modeling are formulated, and the need for further development of competencies obtained both at school and at the university is substantiated. A new way of teaching mathematics and computer science is proposed through computer simulation of students in the field of mathematics. This technique is based on the principles of interdisciplinary connection between the subjects of mathematics and informatics, the competence-based approach and contributes to the formation of research competence. The stages and tools of the methodology of creating a mathematical model of the problem, implementing it on a computer in accordance with the content of the subject are given. By mastering the methods of computer modeling, the student will have the opportunity to systematize his mathematical knowledge, understand interdisciplinary connections, and develop his research competence.

УДК 004.056

Г.Х. Санакова¹, М.Н. Иманкул¹, Ж. Алдияров^{2*}

¹магистрант, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

¹к.т.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²к.т.н., ЮКУ им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

*Автор для корреспонденции: aldiyar.63@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ МЕТОДОВ ОБНАРУЖЕНИЯ И ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ СЕТЕВЫХ КОМПЬЮТЕРНЫХ АТАК НА УЗЛЫ СЕТИ

Аннотация

Актуальность вопроса информационной безопасности (ИБ) узлов сети связана с увеличением количества атак на инфокоммуникационную систему (ИКС). Обеспечение ИБ играет важную роль при развертывании сети и при ее эксплуатации. Постоянный рост скорости появления новых вредоносных воздействий на ИКС предприятия приводит к увеличению числа средств защиты информации. Администратору необходимо создать систему защиты, закрывающую все уязвимости и свести риск реализации угроз к минимуму. Также требуется настроить все средства защиты в зависимости от сложившейся ситуации и возникающих инцидентов. В работе установлены важные факторы, которые следует учитывать при защите сетей от атак, рассмотрены актуальные методы обнаружения и предотвращения уязвимостей в узлах сети. Отмечена востребованность DLP-системы и SIEM в связи с необходимостью уделения внимания внутренним угрозам.

Ключевые слова: атака; угрозы информационной безопасности; система обнаружения вторжений; система предотвращения вторжений, DLP-система, SIEM.

Сегодня происходит экспоненциальный рост случаев кибератак на узлы сетей, так как современное инфокоммуникационное пространство настолько доступно и открыто, что возможности злоупотребления им фактически неограничены. По данным «Positive Technologies» в 87% случаях объектом атак выбираются компьютеры, серверы и сетевое оборудование. Многие корпоративные приложения доступны из внешней сети, следовательно, подвержены сканированию и могут быть использованы для проникновения в сеть предприятия. В структуру современных компаний нередко внедряются веб-приложения, используемые для управления внутренней инфраструктурой, отдельными узлами предприятия, организацией видеоконференцсвязи и др. Эксплойты хакеров добиваются успеха при использовании неисправного или старого программного обеспечения (ПО). Чтобы обеспечить должную защиту от уязвимостей необходимо обновлять ПО до последней версии, в которой уже устранены ошибки.

Проблему ИБ легче предотвратить, чем искать пути ее решения. Поэтому исследование методов обнаружения и предотвращения атак на узлы сети, реализуемых с использованием различных приемов и с учетом текущего уровня развития технических средств и доступного ПО, является весьма актуальным для рядовых пользователей, крупных провайдеров, хостингов. В настоящее время имеется широкий спектр методов обеспечения ИБ (средства идентификации/аутентификации пользователей; средства шифрования информации; VPN (Virtual Private Network); файрволы; средства антивирусной защиты; др.), каждый из них может быть использован самостоятельно, а также в интеграции с другими. Это делает возможным создание систем защиты для сетей любой сложности и конфигурации, не зависящих от используемых платформ. Необходимо обеспечивать защиту от внешних и внутренних атак. Злоумышленники совершение атак производят путем "прослушивания" коммутируемых сетей, перенаправления трафика, внедрения вирусных кодов в ПО, DoS (Denial of Service)- и DDoS (Distributed DoS)-атак. В общем случае атаку на узлы сетей следует ожидать отовсюду в любой момент, что делает востребованной концепцию «нулевого

доверия» ZT (Zero Trust). Для реализации ZT производят сбор информации об инфраструктуре, определяют конфиденциальные данные и место их хранения, как перемещаются, насколько они уязвимы, ограничивают права доступа к ним. Принципы ZT реализуют тотальный контроль всех корпоративных ресурсов [1].

Есть огромное число опасных мест, через которые хакеры имеют возможности проникновения. Каналы связи - один из видов компонентов ИКС, которые могут подвергнуться нападению [2]. Каналы, по которым может произойти утечка информации: внешние устройства, буфер обмена или сетевое хранилище, электронные письма, IP-телефония, SSL (Secure Sockets Layer)-трафик, весь веб-трафик, облачные хранилища данных, печать и т.д.

Сегодня наблюдается широкое разнообразие технологий, протоколов, аппаратных средств, с помощью которых производится процесс передачи информации, а каждая ИКС имеет свой набор уязвимостей и параметров, следовательно, и перечень возможных угроз. Уровень ИБ сети во многом определяется оборудованием доступа и его настройкой, что диктует для каждой ИКС выбирать адекватные меры защиты, позволяющие противостоять имеющимся угрозам, тем самым снижая риски.

В результате атаки злоумышленник может получить информацию о внутренней структуре сети, перехватить сведения, проходящие по информационным потокам, создать условия, вызывающие отказ сети (сбой серверов, модификацию/уничтожение ПО) и внедрение «червяков», «троянов». Угрозы ИБ - множество условий и факторов, создающие опасность несанкционированного доступа (НСД) к данным, следствием которого может стать утечка конфиденциальной информации, уничтожение или ее изменение. Задачи ИБ состоят в снижении ущерба, прогнозировании и предотвращении негативных воздействий [3]. На рисунке 1 представлена типовая модель реализации атаки [4], рассматривающая угрозу как следствие одноэтапной атаки. Эта модель не позволяет полноценно решить ряд актуальных задач ИБ (например: прогнозирование новых угроз; нахождение возможных путей реализации атак и их вероятностей).




Рис. 1. Типовая реализация одноэтапной атаки

Кибератаки перманентно совершенствуются, становятся все более продуманными, изощренными. На практике угрозы зачастую являются многоэтапными атаками. Многоэтапную реализацию угроз можно разбить на этапы: сбор информации, получение доступа, внедрение/использование вредоносного кода, закрепление в системе/сети, управление вредоносным кодом и компонентом, повышение привилегий, маскировка действий, получение доступа к другим компонентам, сбор и вывод информации и нелегитимный доступ/воздействие. Каждая угроза может породить новую угрозу, которая в свою очередь ведет к новой угрозе и так до завершающей угрозы. В частности, эксплуатация веб-уязвимостей может быть использована как один из этапов целенаправленной АРТ (Advanced Persistent Threat)-атаки. Одним из актуальных векторов развития в области выявления атак на веб-ресурсы служит применение honeypot-систем (узлов-приманок).

Обнаружение атак – динамический процесс выявления и реагирования на подозрительную деятельность, направленную на сетевые/вычислительные ресурсы ИКС.

Инструментом обнаружения сетевых атак могут служить программы/программные комплексы, способные идентифицировать и блокировать влияния такого вида. Угрозы могут выявляться в режиме реального времени с использованием системы обнаружения вторжений IDS (Intrusion Detection System). IDS – система мониторинга доступа к сети, которая может быть аппаратным устройством или программным приложением. IDS отвечает за мониторинг потоков трафика в сеть и из нее или на определенный компьютер в сети, чтобы обнаруживать и уведомлять соответствующие отделы предприятия о необычном/незаконном доступе к сетевой системе или к определенным машинам в сети. IDS просто отвечает за обнаружение и выдачу предупреждений; другие элементы отвечают за устранение проблем. Файерволы обычно делают это под руководством таблицы законов администратора ИБ. Существует множество моделей безопасности для узлов сетей, использующих комбинацию системы обнаружения вторжений и файервола, внедренных на практике [5].

IDS может быть либо системой обнаружения сетевых вторжений NIDS (Network IDS, IDS на базе сети), либо системой обнаружения вторжений хоста HIDS (Host IDS, IDS на базе хоста). NIDS отслеживает и анализирует все потоки трафика по всей области сети в режиме реального времени, а затем сравнивает их с известными угрозами, в то время как HIDS отслеживает внутреннюю работу и файлы журналов. HIDS устанавливается на серверах (Web, File, Mail) в демилитаризованной зоне сети для обнаружения любого незаконного или неожиданного доступа к этим серверам. NIDS устанавливается за брандмауэром для мониторинга всего трафика, входящего в сеть и выходящего из нее. На основе их методов обнаружения IDS классифицируются на сигнатурные идентификаторы, которые основаны на известных сигнатурах предыдущих и известных атак, а также идентификаторы, основанные на аномалиях, который опирается на шаблоны. По сравнению с идентификаторами, основанными на сигнатурах, идентификаторы, основанные на аномалиях, лучше справляются со сложными и неизвестными атаками.

Чтобы предотвратить НСД злоумышленника к ИКС и не допустить нарушения безопасности необходимо использование системы IPS (Intrusion Prevention System) – системы предотвращения вторжений, который производит анализ трафика (извлеченного из объекта анализа, чтобы определить, произошло ли вторжение) на основе:

- сигнатур – сопоставление активности с сигнатурами уже известных угроз. Метод уязвим для атак, вектор которых отсутствует в базах данных сигнатур [5];

- аномалий – определение подозрительной активности путем сравнения поведения отдельных элементов трафика с эталонными параметрами. Этот метод определяет и обнаруживает любые аномалии (отклонения от нормального поведения на базе существующих сценариев использования сети, внутренних системных вызовов, т.д.), способен определить атаки нулевого дня. Однако данный подход имеет высокую вероятность ложной идентификации [6];

- политик – мониторинг с одновременным использованием метода сигнатур и аномалий.

Различия между системами кибербезопасности IDS и IPS должны быть четкими. Они считывают и анализируют сетевые пакеты, прежде чем сравнивать их с известными атаками известный как "набор подписей" ("signature set") (также известный как эпизоды подписи или потоки). IDS просто обнаруживает необычные пакеты и выдает предупреждения, а IPS - система контроля доступа, которая может принять или отклонить пакет в зависимости от набора правил. IDS требует, чтобы люди и/или другая система просматривали результаты и принимали меры, в то время как IPS просто требует регулярного обновления известных угроз и добавления новых угроз [7].

Уровень защищенности и ресурсозатратность системы, влияющая на скорость обмена данными, зависят от места внедрения IPS:

- NIPS (Network IPS) размещается на стратегически важных элементах и телекоммуникационной сети, глубоко анализирует весь входящий и исходящий трафик. Так как тщательный анализ трафика ресурсозатратен, то при значительной нагрузке на систему

возможны пропуски некоторых пакетов, что способно создать угрозу ИБ системы.

- HIPS (Host-based IPS) устанавливается на отдельный хост в сети, обеспечивает только его безопасность.

Правильно спроектированная IPS-система способна обеспечить защиту от множества кибератак злоумышленника на стороне серверов и пользователей, оповещая при этом администратора сети обо всем подозрительном и опасном трафике, оперативно блокируя этот трафик, согласно правилам установленным администратором [8].

В частности, для надежной защиты конечных устройств недостаточно традиционного антивируса, который заблокирует лишь атаки, для которых существуют сигнатуры. Поэтому востребованы системы безопасности локальной сети с использованием MAC (Media Access Control)-адресов с целью получения уведомления об обнаруженных неизвестных устройствах и предотвращения их функционирования внутри локальной сети. Это ориентировано на снижение количества неизвестных устройств и повышение безопасности сети [9].

Технология предотвращения утечек конфиденциальной информации за границы корпоративной сети DLP (Data Loss Prevention) базируется на анализе потоков данных, пересекающих периметр защищаемой ИКС [10]. При выявлении в потоке конфиденциальной информации срабатывает защита, и передача сообщения (пакета, потока, сессии) блокируется/отслеживается. Технология DLP обеспечивает контроль и защиту генерируемой информации.

SIEM (Security Information and Event Management)-системы сами по себе не способны что-либо предотвращать или защищать. Их функция состоит в автоматизации мониторинга и анализе всех событий, которые происходят в многочисленных системах защиты (таких как антивирусы, DLP, IDS, маршрутизаторы, фаерволы, операционные системы серверов и пользовательских ПК), и детектировании отклонения от норм по неким критериям. При выявлении отклонения система генерирует инцидент. SIEM акцентирует внимание только на важных и критических угрозах, работает не с событиями, а с инцидентами, своевременно выявляя аномалии и риски, предотвращает финансовые потери и т. п. [11].

Сегодня существует палитра серьезных угроз безопасности информации в ИКС, наносящих значительный ущерб, а также компрометирующих эти системы в огромных масштабах. Поэтому управление и контроль над событиями и инцидентами все чаще становится приоритетным в ИБ. Необходимо повышать эффективность обеспечения ИБ и работу системы управления и администратора ИБ за счет снижения времени, необходимого на анализ и обработку рисков, а также путем повышения точности прогнозов и обработки событий. ИКС становится более уязвимой, когда администраторы пренебрегают базовыми средствами защиты или используют устаревшие средства, которые оказываются недостаточными для противодействия современным изменяющимся угрозам. Задачу обеспечения ИБ следует решать комплексно: различные средства защиты (физические, аппаратные, программные, т.д.) должны использоваться параллельно и под централизованным управлением.

Список литературы

1. Игнатов Д.Ю., Локнов А.И. Модель «нулевого доверия» как основа информационной безопасности будущего // Информационная безопасность регионов России (ИБРР-2021). С. 50-52.
2. Свиридов В.И. Вопросы защиты информации при передаче по каналам связи // Современные наукоемкие технологии. – 2014. – № 5-2. – С. 58.
3. Аникевич Е.А., Виткова Л.А., Сацук Е.Н., Сергеева И.Ю. Актуальные проблемы инфотелекоммуникаций в науке и образовании. VI Международная научно-техническая и научно-методическая конференция; сб. науч. ст. в 4 т. / Под. ред. С. В. Бачевского; сост. А. Г. Владыко, Е. А. Аникевич. СПб: СПбГУТ, 2017. Т. 2.

4. Бирюков А.А., Израилов К.Е. Сравнительный анализ моделей угроз информационной безопасности в интересах применимости для многоэтапных схем атак. АПИНО-17. Т. 2.
5. Tuan Nguyen Kim, Tam Nguyen Tri, Lam Tran Nguyen, Duy Thai Truong. A combination of the Intrusion Detection System and the Open-Source Firewall Using Python language // International Journal of Computer Networks & Communications (IJCNC) Vol.14, No.1, January 2022. DOI: 10.5121/ijcnc.2022.14104. P. 59-65.
6. Torkaman A., Javadzadeh G., Bahrololum M. A Hybrid Intelligent HIDS Model using Two-layer Genetic Algorithm and Neural Network // 5th Conference on Information and Knowledge Technology (IKT). 28–30 May 2013.
7. Creech G., Hu J. A Semantic Approach to Host-based Intrusion Detection Systems using Contiguous and Discontiguous System Call Patterns // IEEE Transactions on Computers. Apr. 2014. Vol. 63, No. 4.
8. Иванов В.Г., Корчевой П.П., Пестерев В.Е. Обеспечение безопасности виртуального пункта управления. АПИНО-22. Т.2.
9. Использование MAC адресов для идентификации и предупреждения появления неизвестных устройств в сети. Ю. В. Денисова, Д. Ю. Петров. АПИНО-22. Т.2. С. 186.
10. SIEM системы: найти иголку в стогу сена. Инфобезпека, 2013. Available at: <http://www.infobezpeka.com/publications/?id=589>.
11. SIEM Security Information and Event Management. WAF Nemesida, 2016. Available at: <http://auditib.ru/siem-security-information-and-event-management/>

Түйін

Желі тораптарының ақпараттық қауіпсіздігі (АҚ) мәселесінің өзектілігі ақпараттық-коммуникациялық жүйеге (АКЖ) шабуылдар санының артуымен байланысты. АҚ-ны қамтамасыз ету желіні орналастыру және оны пайдалану кезінде маңызды рөл атқарады. Кәсіпорынның АКЖ-сіне жаңа зиянды әсерлердің пайда болу жылдамдығының үнемі өсуі ақпаратты қорғау құралдарының көбеюіне әкеледі. Әкімші барлық осалдықтарды жабатын қорғаныс жүйесін құрып, қауіптерді жүзеге асыру қаупін барынша азайту керек. Сондай-ақ, жағдай мен туындаған оқиғаларға байланысты барлық қорғаныс құралдарын конфигурациялау қажет. Жұмыста желілерді шабуылдардан қорғау кезінде ескеру қажет маңызды факторлар анықталған, желі тораптарындағы осалдықтарды анықтау мен алдын алудың өзекті әдістері қарастырылған. Ішкі қауіптерге назар аудару қажеттілігіне байланысты DLP жүйесі мен SIEM сұранысы атап өтілді.

Abstract

The urgency of the issue of information security (IS) of network nodes is associated with an increase in the number of attacks on the infocommunication system (ICS). Information security plays an important role in the deployment of the network and in its operation. The constant increase in the rate of occurrence of new malicious impacts on the company's ICS leads to an increase in the number of information security tools. The administrator needs to create a protection system that covers all vulnerabilities and reduces the risk of threats to a minimum. You also need to configure all security measures depending on the current situation and the incidents that occur. The paper identifies important factors that should be taken into account when protecting networks from attacks, discusses current methods for detecting and preventing vulnerabilities in network nodes. The relevance of the DLP system and SIEM is noted due to the need to pay attention to internal threats.

ӘОЖ 371.3:311.1

К.И. Усманов, Ф.П. Полатова*

ф.-м.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ –түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ –түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

*Корреспондент авторы: polatova7@mail.ru

5-6 СЫНЫП МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ СТАТИСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУ

Түйін

Мақалада Ә.Науаи атындағы №13 жалпы орта мектебінің 5-6 сынып оқушыларына математика пәнін оқытуда ұйымдастырылған педагогикалық эксперимент нәтижелері және педагогикалық талдау негізінде практикалық дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері мен ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемелік ұсыныстары қарастырылған.

Түркістан қаласының Ә. Науаи атындағы №13 жалпы орта мектебінің 5-6 сынып оқушыларына педагогикалық тәжірибелер ұйымдастыру кезінде Kahoot, Quizziz, Youtube stream, Zoom платформалары қолданылды. Тәжірибе барысында алынған нәтижелер математикалық өңдеу әдісі арқылы статистикалық мәліметтер алынды. Зерттеу нәтижелеріне талдау, абстракциялау, тест әдістері арқылы қол жеткізілді.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттері мен жылдамдықтарын арттыру мақсатында Kahoot, Quizziz ақпараттық коммуникациялық технологияларының қолданылуы тиімді екені анықталды. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, уақытты тиімді пайдаланып, жылдам есептеуді үйренді. Ізденімпаздық, елестету, тез есептеу, логикалық ойлау дағдылары дамыды. Оқушылардан сауаланама алынып, соның негізінде талдау жасалды. Осылайша оқушыларда ізденімпаздық дағдылары дамыды. Математика пәнінің басқа пәндермен байланысы бар екендігін білді.

Математика пәні мұғалімдеріне сабақта ақпараттық коммуникациялық технологияларды әдістемелік құрал ретінде қолданады.

Кілттік сөздер: Математика, оқу процесі, математикалық статистика элементтері, комбинаторика, диаграмма, жиын, арифметикалық орта, өзгеріс құлашы, мода, медиана.

КІРІСПЕ

Жалпы білім беру дәстүрлі білім беру жүйесінен бірнеше рет өзгергенімен, алдыңғы білім беру жүйесіне сәйкестендіріліп келеді. Бүгінгі күнде Қазақстанның жалпы орта білім беру мекемелерінің білім беруі жаңа бастау алуда. Жаңартылған білім беру негізіне көшу басты артықшылықтардың бірі болуда. Сондықтан 2017-2018 оқу жылында жағартылған білім беру негізінен 2,5,7 –сыныптарда басталып, ал 2018-2019 оқу жылында 3,6,8,10 –сыныптарда жалғастырылып, 2019-2020 оқу жылында 4,9,11 –сыныптарда көшіріліп, ұлттық жоба негізінде жалғастырылып қолданылуда.

Қазіргі кезде математикалық статистика элементтерін зерттеуде отандық жоғарғы оқу орындарының оқытушы –профессорлар өз белсенділіктерін көрсетуде. Осы тақырып аясында Қ.Б.Бектаев, Б.С.Жаңбырбаев, Р.Т.Келтенова, Н.Ақанбай, О.М.Мепамқұлов, С.А.Нурпейсов, Р.Ә.Беркімбаев, А.К.Казешев, Н.С.Саханов, Р.Ғ.Мейрманова, Қ.Қаңлыбаев және тағы басқа ғалым-педагогтар ғылыми және педагогикалық зерттеулер жүргізді [1-4].

Оқушылардың статистикалық ойлау қабілетін дамытуға В.А.Гусев, Н.Н.Авдеева, К.Р.Велскер, Х.Очилова [5] өз зерттеулерін арнаған, сонымен қатар математикалық статистика материалдарын 5 –сыныптан бастап факультатив сабақтарында қолдануды ұсынған.

Жаңартылған мазмұндағы 5-6 сыныптарға арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламаларында математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы бөліміне ерекше мән берілген. Белгілі ғалым-әдіскер Т.А.Алдамуратова мен А.Е.Әбілқасымованың жаңартылған білім негізіне сай жазылған «математика» пәнінен оқу құралдарында [6-9] 5-сыныпта «Жиындар» және «Диаграммалар» тақырыптары, ал 6-сыныпта «Арифметикалық орта», «Мода», «Медиана», «Өзгеріс құлашы» тақырыптары берілген.

Мектепте оқушылардың математиканы оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «жалпы 10-14 жас аралығындағы оқушылардың математика сабағына қызығушылығын қалай арттыруға болады?»- деп А.Азмидар мақала жазды [10]. Оның айтуынша 10-14 жас аралығы нақты ойлау кезеңдері мен абстрактілі ойлау кезеңдерінің арасындағы өтпелі кезең болғандықтан, олар ойлаудың осы кезеңін жеңуде нақты абстрактты-бейнелеу тәсілі маңызды рөл атқарды.

Қазіргі таңда отандық зерттеушілеріміз осы проблеманы шешуде жаңартылған білім беруге талдау жасап, оқушыларға абстрактты-бейнелеу, көз алдына елестетуді үйрену үшін ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануды ұсынды. Әдіскер-ғалым А.Е. Әбілқасымованың пікірінше жоғарғы оқу орнында болашақ мұғалімдерге, математикалық пәндер мен математиканы оқыту әдістемесі пәнін сабақтастырып оқыту қажет. Арнайы математикалық білім мен әдістемелік білім тең дәрежеде болуы маңызды [11].

Математикада жалпы орта білім беруде мұғалімдер көп еңбек етеді. Математика сабақтарында математикалық статистика элементтерін оқыту, жаңартылған білім негізінде жасалған оқулықтармен ғана шектеліп қалмай, математика пәнінің басқа пәндермен байланысын көрсету қажет.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы аясында жаңартылған білім негізінде математикалық статистика элементтерін оқыту әдістемесін дамыту мақсатында ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланып оқушыларға математикалық статистика есептерін шығарудың тиімді жолын және бағдарлама көмегімен шығаруға болатындығын үйрету сандық технологияның қарқынды даму кезеңіндегі өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - жаңартылған білім беру негізінде 5-6 сынып оқушыларына статистика элементтерін ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланып шығарудың алгоритмдерін және бағдарламалар кешенін құрып оқытудың әдістемесін жасау.

Осы мақсатқа жетуде келесі міндеттер орындалды:

- Статистика элементтерін 5-6 сынып оқушыларына оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздемелерін жасау.
- Статистика элементтерін 5-6 сынып оқушыларын оқытуда «Тәжірибе», «Талдау», «Смарт мақсаттар», «Абстаркциялау», «Тест» және тағы басқа әдістерді қолдану.
- Статистика элементтерін 5-6 сынып оқушыларына ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданып оқытудың әдістемесін жасау.

ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ

Зерттеу Түркістан қаласының Ә.Науаи атындағы №13 жалпы орта мектебінің 5-6 сынып оқушыларына математикалық статистика элементтерін оқыту барысында жүргізілді.

5-6 сынып оқушыларына педагогикалық тәжірибе ұйымдастыру кезінде Kahoot, Quizziz, Youtube stream, Zoom плаотформалары қолданылды және MS EXCEL бағдарламасының көмегімен математикалық статистика есептерін шығаруды үйренді, логикалық ойлау дағдылары дамыды. Зерттеу барысында келесі педагогикалық әдістер

қолданылды: «Тәжірибе», «Талдау», «Смарт мақсаттар», «Абстракциялау», «Тест»

- 5-6 сынып оқушыларының өтілген жаңа тақырыптың түсінікті болғандығын анықтауда –тәжірибе әдісі қолданылды.
- Тақырып бойынша оқушыларға жалпы берілген мәліметтің дұрыстығын тексеру мақсатында талдау әдісі қолданылды.
- Оқушыларға бұл тақырып не себепті керек, қай жерде қолданылады және басқа пәндермен байланысын анықтауда Смарт мақсаттар әдісін қолданылды.
- Тақырыпты пысықтауда өтілген сабақты оқушыларды қызықтыратын бір немесе бірнеше жақтарын ойша бөліп алу арқылы абстракциялау әдісі қолданылды.
- Тақырып бойынша қорытынды жасағанда оқушылар, Kahoot және Quizziz бағдарламасымен тест тапсырмаларын орындады.

Ақпараттық технологияның дамыған заманында сабақ түсіндіру барысында оқушыларға дайын парақтар, онда тақырып және оның шығару жолымен бірнеше есептер берілді. Дәл соны проектор көмегімен тақтада көрсетіп түсіндірілді. Оқушыларға нақтырақ түсінікті болу үшін өздерін мысал ретінде алынды. Математикалық статистика жайлы ақпарат алғаннан кейін MS EXCEL бағдарламасының көмегімен есептер шығарылды. Тақырыпты қорытындылау кезінде Kahoot және Quizziz бағдарламалары арқылы тест алынды.


НӘТИЖЕЛЕР, ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Мектеп математика пәнінде 5-6 сынып оқушыларына математикалық статистика элементтерін оқытуда келесі тақырыптар қарастырылды:

- Жиын. Жиын кескіндеу. Жиындардың қиылысуы мен бірігуі.
- Статикалық деректерді ұсыну тәсілдері. Бағандық, сызықтық, дөңгелек және графикалық диаграммалар.
- Берілген сандар қатарының арифметикалық ортасы, модасы, медианасы, өзгеру құлашы.


5-сыныптар арасында статистика бөлімі математика кітабының 2-бөлімінде берілген. Осы тарау бойынша түрлі әдістерді қолдана отырып, зерттеу жұмысы жүргізілді. Тақырыпты түсіндіру барысында электронды тақта қолданылды. Оқушылар жиын туралы мәлімет ала отырып, өмірде қолданылуын үйреніп, өздері де мектептегі мұғалімдер мен оқушыларды жиындарға бөлді. Тақырыпты пысықтау мақсатында оқушыларды қыздар және ұлдар тобы болып екіге бөлінді. Осылайша топтағы оқушылар қыздар жиыны және ұлдар жиыны болды. Тағы сол сияқты басқа жиындарға бөліне алатындығын үйренді. Тәжірибе әдісі арқылы өздері тақырыпты пысықтап, қыздар жиыны, ұлдар жиыны, үздіктер жиыны, екпінділер жиыны тағы басқа да жиындарға бөлінуді үйренді. Сонымен қоса оқушылар жиын тақырыбына бірнеше есептер шығарып, талдау жасады. Сабақтың соңында бір –бірлеріне тақырыптың қызықтырған жерлерін айтып пікір алмасты. Үйге тапсырма Quizziz бағдарламасында түзілген тестті орындады және қайталау сабағында оған талдау жасады.

Жиындардың бірігуі мен қиылысуын Эйлер –Венн диаграммасының көмегімен көруге болады (1 - сурет).



Сурет 1 - Жиындардың бірігуі мен қиылысуының Эйлер-Венн диаграммасы

Осы тақырыптың оқушыларға түсінікті болуы үшін өздеріне арнап есеп құрастырылды. Оқушылардың ішінде қосымшаға баратын оқушылар алынды, оның ішінде математикаға, орыс тіліне, ағылшын тіліне баратын оқушылар өзара бөлініп тұрды. Оларға тапсырма келесі түрде берілді: тек математикаға, орыс тіліне, ағылшын тіліне және үш пәннен де қосымшаға баратын оқушылар санын табу керек. Берілгені: математикадан қосымшаға 10, орыс тілінен - 13, ағылшын тілінен - 10 оқушы барады. Математика мен орыс тіліне 8 оқушы, математика мен ағылшын тіліне 3 оқушы, ағылшын тілі мен орыс тіліне 5 оқушы барады. Осы берілген көрсеткіштердің көмегімен Эйлер –Венн диаграммасы жасалды (2 - сурет).




Сурет 2 - Қосымшаға баратын оқушылардың диаграммасы


Диаграммаға орналастыра отырып, оқушыларда сыни ойлау және тез есептеу дағдылары дамиды. Дигарммаға қарап отырып есептің жауабын жазды. Тек математикаға - 1, тек орыс тіліне - 2, тек ағылшын тіліне - 4 оқушы, ал барлық оқушылардың ішінде екі оқушы үш пәннен де қосымшаға қатысатыны белгілі болды. Оқушыларда елестету, талдау – талқылау дағдылары дамыды. Абстракция әдісінің көмегімен қызықты жағдайларға байланысты есептер құрастырып, талдау жасады. Оқушыларға тек оқулықтағы ақпараттар және есептермен шектеліп қалмай, өздеріне қызықты болатындай, өз ойларын еркін жеткізе алатын сабақтарды ұйымдастыру нәтижесінде «Жиын» тақырыбы оқушыларға түсінікті болды, өздеріне керек немесе керек емес ақпараттарды саралауды үйренді.

Жиын тақырыбын жақсы меңгерген оқушы статистикалық мәліметтерді (деректерді) ұсыну тәсілдерін үйрену оңайға түседі. Өйткені, статистикалық деректер бағандық, сызықтық, дөңгелек және графикалық диаграммалар түрінде беріледі. Бұл тақырыпты түсіндіруде интерактивті тақта немесе проектор, әр түрдегі статистикалық мәліметтер жазылған көрнекілік құралдары және басқа да көрнекі құралдар қолданылды. Барлық көрнекі құралдарды пайдаланып тақырып түсіндірілді және оқушылар бірнеше есептер шығарды. Тақырыпты пысықтауда оқушылардың бірінші тоқсаннан бастап оқу үлгерімдерін

графикалық диаграмманы пайдалана отырып орындады. Басқа сынып оқушыларымен жалпы орта баллды есептеп бағандық және дөңгелек диаграмма көмегімен жазды. Оқушылардың зерттеу және ізденімпаздық дағдыларын дамыту мақсатында оларға тапсырма берілді. Жалпы орта мектептің 5-6 сынып оқушыларының арасында сауалнама жүргізіп, алынған мәліметтерді бағандық және дөңгелек диаграмма түрінде көрсетті. 5-6 сынып оқушыларынан «Математика пәні сізге қаншалықты ұнайды?» деген сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың нәтижесі келесі 3 - суретте көрсетілген.



Сурет 3 - Сауалнама нәтижесі көрсетілген бағандық диаграмма



Сурет 4 - Сауалнама нәтижесі көрсетілген дөңгелек диаграмма

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың 63% -ы математика сабағының ұнайтындығын және өз мұғалімдеріне ризашылығын білдірді. Оқушылардың 32% -ы математика сабағын

ұнатпайтынын және бұл сабақты оқығысы келмейтінін айтқан. Ал оқушылардың 5% -ы жауап беруге қиналған, яғни, мұғалімдерін жақсы көреді бірақ сабақты оқығысы келмейді немесе керісінше. Осы сауалнама жүргізу барысында оқушылар өздерінің білімге деген құштарлығы мен ізденімпаздығын көрсетіп, зерттеу жұмысын жүргізу арқылы көптеген тәжірибе жинады және бағдарламалармен жұмыс жасауды үйренді.

Математика пәнінен 6-сынып оқулықтарында математикалық статистика элементтерінен – санның арифметикалық ортасы, мода, медиана, өзгеріс құлашы тақырыптары қарастырылды. Статистикалық деректерді диаграммалар түрінде жазуды үйренген оқушылар сол берілген деректер көмегімен арифметикалық ортаны, мода, медиананы табуды да тез меңгеріп алды.

Санның арифметикалық ортасы статистикалық элементтердің негізгі бөліктерінің бірі болып табылады. Берілген статистикалық көрсеткіштердің орташа мәнін есептеуде санның арифметикалық ортасын табу бойынша есептелінеді

Санның арифметикалық ортасы деп берілген сандардың қосындысын қосылғыштар санына бөлгенде шығатын санды айтады. Тақырып бойынша бірнеше есептер шығарылды.

Берілген сандар тізбегінің модасы дегеніміз, тізбектегі ең көп қайталанған сан. Оқушыларға тақтада сандар тізбегі берілді, сол сандардың модасын тапты және бірнеше есептер шығарды.

Берілген сандар тізбегінің медианасы дегеніміз, сандар тізбегін өсу ретімен жазғанда ортасындағы санды көрсетеді. Демек берілген сандар тізбегінің ортасындағы санды табу керек, осы бойынша оқушылар есептер шығарды.

Сандар тізбегінің ең үлкен мәні мен ең кіші мәнінің айырмасы сол берілген тізбектің өзгеру құлашы болады.

Оқушыларға тақырыпты нақтырақ түсіндіргенде, барлығының киімдерінің өлшемдерін алып, арифметикалық ортасы есептелінді. Оны келесі түрде жазды:

$$\begin{aligned} & \frac{32 + 33 + 29 + 35 + 38 + 30 + 33 + 35 + 32 + 31}{20} + \\ & + \frac{33 + 35 + 36 + 32 + 33 + 36 + 36 + 37 + 34 + 31}{20} = 33,55 \end{aligned} \quad (1)$$

Демек сандар тізбегінің арифметикалық ортасы 33,55 ке тең екен. Дәл осы берілген сандар тізбегінен мода, медиана және өзгеріс құлаштары есептелінді.

Берілген сандар тізбегі : 32, 33, 29, 35, 38, 30, 33, 35, 32, 31, 33, 35, 36, 32, 33, 36, 36, 37, 34, 31. Берілген санның модасы дегеніміз ең көп қайталанатын сан болғандықтан сол санды тапты. Ең көп қайталанған сан -33, яғни сандар қатарының модасы -33.

Енді осы берілген тізбекті өсу ретімен жазып, сандар тізбегінің медианасы мен өзгеру құлашын есептеді. Сандар тізбегі өсу ретімен жазылды : 29, 30, 31, 31, 32, 32, 32, 33, 33, 33, 33, 34, 35, 35, 35, 36, 36, 36, 37, 38. Қатарда 20 сан бар, қатардың қақ ортасындағы үш санды қосып үшке бөлеміз, $\frac{33+33+33}{3} = 33$. Демек, берілген сандар тізбегінің медианасы -33.

Сандар тізбегінің өзгеру құлашын есептегенде бірінші сан 29 бен ең соңғы сан 38 болды: $38 - 28 = 10$. Сандар тізбегінің өзгеру құлашы -10 болды. Оқушылар дәл осы сияқты басқа да мысалдар құрастырып, есептер шығарды. Оқушыларда логикалық ойлау қабілеттері, елестету, тез есептеу дағдылары дамыды. Дәл осы есепті MS EXCEL бағдарламасының көмегімен шығаруды үйренді. Оны келесі түрде жазды:

	A	B	C
1	32		
2	33		
3	29		
4	35		
5	38		
6	30		
7	33		
8	35		
9	32		
10	31		
11	33		
12	35		
13	36		
14	32		
15	33		
16	36		
17	36		
18	37		
19	34		
20	31		
21	33,55	33	33

Сурет 5 - MS EXCEL бағдарламасының көмегімен шығарылған есеп

Арифметикалық орта - 33,55 , мода - 33 , медиана - 33 болды. Оқушыларға математика пәнінің информатика пәнімен байланысы көрсетіліп, бағдарламалар арқылы есепті оңай шығаруға болатындығы түсіндірілді.

Математика сабақтарында MS EXCEL, Quizziz, Kahoot, Zoom т.б. ақпараттық жүйелер қолдану оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырды, логикалық ойлау қабілеттерін дамытты, абстракциялау және тез есептеу дағдыларын дамытты. 5-6 сынып оқушыларына арнайы бағдарламаларды қолданудың әдістемелік нұсқаулығы дайындалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда жалпы білім беру мекемелерінде сабақты қызықты өткізу, оқушылардың қызығушылығын арттыруда мұғалімдер оқушылармен бірге тақырыпты талдап және оқушылардың ішінен мысал құрастыра отырып сабақ өтуі ұстаздардың біліктілігі мен білімділігін көрсетуде. Математика пәнін оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығы артты және математика пәнін басқа пәндермен байланыстыруды үйренді. Оқушылардың ізденімпаздық, елестету, тез есептеу, логикалық ойлау дағдылары дамыды. Олар сауалнама құрастыруды да үйреніп, нәтижесін талдауды үйренді. Математика сабақтарында интерактивті тақта мен көрнекілік құралдар оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, сабақта белсенділігін және тақырыпты тез игеруге көмектестіні анықталды. Quizziz және Kahoot бағдарламаларының көмегімен тест тапсырмаларын орындап қай жерде кемшілік бар, тақырыптың қай жерін дұрыс түсінбегендерін өздері біліп, келесі сабаққа дайындықпен келуді үйренді. Математика сабақтарында статистика элементтерін оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануды үйрену барысында оқушылардың практикалық дағдылары қалыптасты. 5-6 сынып оқушыларына статистика элементтерін ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданып оқытудың әдістемесі жасалды. Арнайы бағдарламалардың көмегімен статистика элементтерін шешуді үйренді және практикада қолданды. Математика пәні мұғалімдері сабақ

барысында және арнайы бағдарламаларды үйретуде әдістемені қолдана алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Беркімбаев Р.Ә., Есімханова А.Т. Комбинаторика элементтерін ықтималдықты есептеуге қолданудың әдістемелік ерекшеліктері // Студенческая научно-практическая конференция.– Қостанай. 2018. – 163-167 б.
2. Нұрпейісов С.А., Сатыбалдиев О.С., Өтепбергенов М.Ө. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. Алматы: Алматы энергетика және байланыс университеті, 2017. – 6 б.
3. Ақанбай Н. Ықтималдықтар теориясы есептері мен жаттығуларының жинағы, оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 367 б.
4. Қошанова М.Д., Тұрғанбаева Ж.Н. Орта мектеп бағдарламасына ықтималдықтар теориясы және математикалық статистиканың енгізілуі // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, - Алматы. 2019.-№9/1. Б. 177-181.
5. Гусев В.А. Как помочь ученику полюбить математику, уч. пособие. – М.: Авангард, 1994.-47с.
6. Алдамуратова А.Т., Байшоланова С.Қ., Байшоланов Е.С. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. 2 –бөлім. –Алматы: Атамұра, 2017.- 224б-102-162б.
7. Алдамуратова А.Т., Байшоланова С.Қ., Байшоланов Е.С. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. –Алматы : Атамұра, 2018. 2 –бөлім - 224б. 127-141б.
8. Әбілқасымова Е.А., Кучер П.Т., Жұмағұлова Ә.З. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. –Алматы : Мектеп, 2017. 2 –бөлім - 129б. 67-101б.
9. Әбілқасымова Е.А., Кучер П.Т., Жұмағұлова Ә.З. Математика. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. –Алматы : Мектеп, 2018. 2 –бөлім - 185б. 112-118б.
10. Azmidar A., Darhim D., Dahlan J.A. Enhancing Students' Interest through Mathematics Learning // J. of Physics: Conference Series. – 2017. – 895. P. 1-5. <https://doi.org/article/10.1088/1742-6596/895/1/012072>
11. Абылқасымова Е.А. О специально- методической подготовке будущего учителя математики // III междунар. Научной конферен. «Актуальные проблемы обучения математике и информатике в школе и вузе в свете идей Л.С. Выготского». –М.:МППУ, 17-19 ноября 2016 – 5с

Аннотация

В статье рассмотрены результаты педагогического эксперимента, организованного при обучении математике учащихся 5-6 классов общеобразовательной школы №13 им.А. Науаи, и методические рекомендации по формированию практических навыков на основе педагогического анализа, логического мышления учащихся и использования информационно-коммуникационных технологий.

При организации педагогических экспериментов для учащихся 5-6 классов средней школы №13 им. А. Науаи города Туркестан были использованы платформы Kahoot, Quizziz, Youtube stream, Zoom. Результаты, полученные в ходе эксперимента, были получены статистическими данными методом математической обработки. Результаты исследования были достигнуты с помощью методов анализа, абстрагирования, тестирования.

Установлено, что в целях повышения логического мышления и скорости учащихся эффективно применение информационно-коммуникационных технологий Kahoot, Quizziz. У учащихся повысился интерес к занятиям, они научились эффективно использовать свое время и быстро вычислять. Развивались навыки любознательности, воображения, быстрых вычислений, логического мышления. Были опрошены учащиеся, на основании которых был проведен анализ. Таким образом, у учащихся развились любознательные навыки. Он знал,

что Математика связана с другими предметами.

Использует информационно-коммуникационные технологии на уроках в качестве методического пособия для учителей математики.

Abstract

The article considers the results of a pedagogical experiment and the formation of practical skills based on pedagogical analysis when studying a mathematics course for students of grades 5-6 of secondary school No. 13 named after A. Navoi, methodological recommendations on the use of information and communication technologies and logical thinking of students.

When organizing pedagogical experiments for students of grades 5-6 of the general secondary school No. 13 named after A. Navoi in Turkestan, the platforms Kahoot, Quizziz, Youtube stream, Zoom were used. The results obtained during the experiment obtained statistical data by mathematical processing. The results of the study were achieved using methods of analysis, abstraction, testing.

It is established that the use of information and communication technologies Kahoot, Quizziz is effective in order to increase the speed and logical thinking of students. Students have increased their interest in classes, they have learned to calculate quickly, using time usefully. The skills of curiosity, imagination, quick counting, logical thinking were developed. A questionnaire was received from the students, on the basis of which an analysis was carried out. Thus, students have developed curiosity skills. He knew that mathematics had a connection with other subjects.

Math teachers use information and communication technologies in the classroom as a teaching aid.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
PEDAGOGICAL SCIENCES AND HUMANITIES**

ӘОЖ 349:556.18

Н.М.Абдукадыров*

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

*Автор для корреспонденции: the_daulet@mail.ru

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕН СУЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ
РЕТТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Түйін

Мақалада Орталық Азия республикаларының трансшекаралық өзендерді халықаралық пайдалану және оларды халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормалары негізінде құқықтық реттеу мәселелері қарастырылады. Бұл Амудария мен Сырдарияның кеме қатынасы жоқ трансшекаралық өзендері, ал басты мәселе – аймақ мемлекеттерінің су ресурстарын бірлесіп ұтымды пайдалану мен қорғаудың және оларға тең қол жеткізудің халықаралық құқықтық аспектілері.

Трансшекаралық су ұғымы жан-жақты қарастырылды, трансшекаралық су ресурстарының құқықтық сипаттамаларына талдау жүргізілді, трансшекаралық өзендердің суларын пайдаланудың халықаралық нормалары талданды. Трансшекаралық су ағындарына қатысты екі жақты немесе көпжақты келісімдер жасасу кезінде жалпы құқықтық негізді құрайтын принципті мән-жайлар талданды. Су ресурстарын бірлесіп пайдалануға және қорғауға қатысты халықаралық конвенциялардың, келісімдердің мазмұны мен сипатына талдау жүргізілді. Мемлекетаралық ынтымақтастық суды тұтынушы елдердің экономикалық қажеттіліктерін ескере отырып, халықаралық құқықтың негізгі қағидаттары негізінде құрылуы тиіс екендігі атап өтілді.

Кілттік сөздер: трансшекаралық өзендер, су ресурстары, су ағыны, халықаралық құқықтық нормалар, конвенция, реттеу.

Кіріспе

Соңғы уақытта мемлекетімізде трансшекаралық өзендерің халықаралық құқықтық мәртебесіне және осы өзендердегі су ресурстарын ортақ пайдалану мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Осы мәселелердің маңыздылығының күн санап артуы су жалпы дүниеде, соның ішінде Орталық Азияда ең құнды табиғи ресурсқа айналып баруымен түсіндіруге болады [1]. Соның салдарынан су ресурстарын ортақ пайдаланушылар арасында барлық тараптар мүдделерін ескере отырып пайдану және үлестіру Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қатынастарда маңызды рөл атқырып, күрделі сипатқа айналып бара жатыр. Мұның басты себептері осы аймақты мекен ететін халық санының соңғы жылдарда елеулі артуы, оның салдарынан суға деген сұраныстың еселеп артуы, ауыл шарушылығы, өнеркәсіптің қарқынды дамуы және трансшекаралық өзен бойларында қуатты электр-гидростанцияларының (Қырғызстанда Токтогул, Тәжікстанда Рогун, Өзбекстанда Пскем гидростанциялары) салынуларын келтіруге болады.

Орталық Азиядағы екі негізгі өзендер – Сырдария және Амудария Тянь-Шан және Памир тауларындағы мұздықтардан бастау алады. Арал теңізі бассейнінің бас артерияларының ағыны негізінен Қырғызстанда қалыптасады (Сырдария 80%, Амудария 83%). Трансшекаралық өзен сулары негізінен өзендер, каналдар, жерасты сулары, топырақ ылғалы, мұздықтар сулары және қар қабаттары суларынан қалыптасады. Трансшекаралық су қорларына трансшекаралық өзен суларының ағыны (олар бассейндерінің жоғарғы қабат және жерасты қабат су ағындары) жатады. Орталық Азиядағы трансшекаралық су қорларының

басты элементі ол сондай тарншекаралық өзендер болып, бұл өзендер екі немесе одан артық мемлекеттер шекараларын кесіп өтеді немес олардың шекарлары арқылы ағып өтеді. Әлбетте, трансшекаралық кез-келген табиғи ресурс халықаралық маңызға ие болады.

Сырдарья өзені Қырғызстаннан бастау алып, Тәжікстан арқылы Қазақстан мен Өзбекстан арқылы ағып өтіп Арал теңізіне құяды. Қазіргі таңда трансшекаралық Сырдария және Амудария өзендері бес көрші елді байланыстырады (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркменстан). Осы ортақ трансшекаралық су ресурстарының құқықтық мәртебісі, пайдалану тиімділігін қазіргі күн талаптары тұрғысынан арттыру, ортақ мүдделерді сақтайтын құқықтық нормаларды жетілдірудің маңызы күн санап артып келеді.

Трансшекаралық су ресурстарының құқықтық сипаттары

Трансшекаралық сөзі Халықаралық құқық комиссиясы пайдаланатын сөздер қатарына жатады. «Трансшекаралық (немесе су) ресурсы» екі немесе одан көп мемлекетер аймағында орналасқан биогеографиялық тұтастық түсініледі [1-4]. Трансшекаралық өзендерге кез келген жер бетіндегі немесе жер асты сулары жататын болып, екі немесе бірнеше мемлекеттер шекараларын қиып өтетін және осы мемлекеттер аймағында орналасқан болады. Трансшекаралық сулардың осындай анықтамасы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) трансшекаралық су ағындары және халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі Конвенцияда берілген [5]. Трансшекаралық өзендердің сулары шекаралас мемлекеттердің территорияларына тиесілі болады және осы мемлекеттер территорияларының құрамдас бөлігін құрайды. Жағалаудағы мемлекет егемендігі трансшекаралық өзеннің осы мемлекетке тиесілі жағалауы мен мемлекеттік шекара сызығы арасында болған бөлігін қамтиды. Қазіргі қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес жалпы ережелер бойынша жағалаудағы әрбір мемлекет өзінің территориясына қарасты өзен бөлігіне толық тәуелсіздік құқығын жүзеге асыра алады және су ресурсын пайдалануды реттеуді өздері қай мақсатта орынды деп тапса, солай жүргізеді.

Су қорларының орналасу жерлері мемлекеттерді ажыратпастан (трансшекаралық табиғи ресурстарға қатысты туындайтын дауларды есепке алмағанда, мысалға Қырғызстан мен Тәжікстан республикалары арасында Баткен облысында суға қатысты соңғы жылдарда жиі орын алып жатқан жағдайлар), оларды су ресурстарын сақтау және пайдалану аясында халықаралық-құқықтық нормалар шеңберінде қарым-қатынас орнату арқылы біріктіреді. Сонымен қатар, өзендердің екі немесе одан көп мемлекеттер территорияларын кесіп өтуі немесе мемлекеттерді территорияларын бөлуі белгілі бір халықаралық-құқықтық салдардың туындайтындығын білдіреді. Бұл жағалау елдерінің құқықтық және заңды мүдделері өзара байланысқандығын білдіреді, ал осы ара қатынас осындай трансшекаралық өзендерді пайдалану мәселелерін халықаралық-құқықтық реттеу қажеттілігін келтіріп шығарады.

Трансшекаралық өзендер суларын пайдаланудың халықаралық нормалары

Дүниежүзілік практикада, өкінішке орай, трансшекаралық өзен суларын ортақ пайдаланудың бірыңғай жалпы қабылданған нормалар жоқ. Бұл мәселені шешудің қиындығы түрлі мемлекеттерде су заңнамаларында қабылданған меншік құқығының түрлі сипатта болуы негіз болады. Ортақ су ресурстарын пайдалану мәселелерінде унифицирленген жандасу қажеттілігі 1992 жылы қабылданған БҰҰ Генералды Ассемблясының трансшекаралық су ағындары және халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі Хельсинки Конвенциясы, Халықаралық су ағындарын кемеден тыс пайдалану құқығы туралы Нью-Йорк конвенциясы, Өнеркәсіптік авариялардың трансшекаралық салдары жөніндегі БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының конвенциясын қабылдауымен және т.б. расталады.

Бұл халықаралық құжаттар белгілі бір трансшекаралық су ағындарына қатысты екі немесе көп жақты келісімдерді жасау үшін жалпы құқықтық негіз құрайды. Осы халықаралық суды ортақ пайдалану құжаттарында келтірілген принципіалды жағдаят келесі мазмұнды білдіреді: әрбір мемлекет трансшекаралық өзен бассейніндегі суды пайдалануда әдіс үлеске ие болу құқығына ие, су қоймаларына түрлі зиян келтірудің алдын алу бойынша міндеттемелер шеңбері айқындалған болып, осы салаларда мемлекеттердің ынтымақтастық құрылымдары мен мезанизмдері, соның ішінде ақпаратпен бөлісу және хабарлама беру жақтары қарастырылған.

Біз ОрталықАзиядағы трансшекаралық Сырдария және Амудария өзендеріне қатысты отрақ су ресурстарын пайдаланудың құқықтық мәселелерін мемлекетаралық реттеу бойынша мәселелерге кеңірек тоқталып өтеміз. Орталық Азия аймағына Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан мемлекеттері кіреді. Осы аталған барлық мемлекеттер КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы) құрамында болғандығын білеміз. Ал қазіргі уақытта олар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (ТМД) мүше елдер.

Осы аймақтағы суға қатысты туындайтын қатынастарды реттеу тарихы бірнеше мыңжылдықтарға созылған болып, олар деректермен дәлелденген. Суға қатысты құқық мәселелерін реттеу негізі ирригация болып табылады. Суды пайдалануға қатысты құқықтық нормалар мұсылман заңдар жинағында – шариәтта [6] келтірілген. Адамдар суды үлеструдегі теңдіктің маңыздылығын сезінумен қатар, оның сапасын да сақтаудың аса маңыздылығын ежелден білген. Суды ластауға болмайтындығы адамдар үшін бұлжытпас заңды қағида болып есептелген. Суды пайдалануға қатысты құқықтық мәселелер ежелден келе жатқандығына қарамастан, су ресурстарын тиімді пайдалану және оны қорғау, мемлекетаралық құқықтық реттеу жақтары Орталық Азия мемлекеттері үшін салыстырмалы түрде жаңа болып келеді. Мұның басты себебі КСРО ыдырауы болып табылады. КСРО кезінде Орталық Азия мемлекеттері біртұтас экономикалық аймақ болып, өздерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын бірлесе жоспарлайтын болатын. Осы кезеңдерде Орталық Азиядағы екі үлкен өзендер - Амударья мен Сырдария өзендеріндегі су ресурстарын басқарудың бес жылдық жоспарлары осы аймақтағы барлық мемлекеттердің мүдделерін ескеретін болып, олардың экономикалық, өндірістік, ауылшаруашылық және басқа да салаларының дамуына қол жеткізуге бағытталатын болатын.

Осы аймақтағы мемлекеттердің трансшекаралық су ресурстарын пайдаланудағы елеулі өзара тәуелділіктері бүгінгі таңда да сақталып отыр. Себебі, осы өзендер ағып өтетін мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастық осы елдердегі әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылыққа тікелей әсер етеді. Осы орайда 2021 жылдың көктемінде Қырғыз Республикасының Баткен облысында Тәжікстан Республикасы шекарашыларымен болған шиеленісті келтіруге болады. Осы келеңсіз оқиғаның бастауы су ресурстарына қатысты.

Осы өзендерге қатысты жалпы мәлімет бойынша Арал теңізі бассейнінің негізгі құйылыс артерияларының 83% Амудария өзені, ал Сырдария өзені 80 % құрайды.

КСРО кезеңінде осы өзендер су ресурстарын пайдалану орталықтандырылған түрде жоспарлы жүзеге асырылатын. Ал осы аймақтағы мемлекеттер тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыт аралығында жоғары деңгейде саяси ынтымақтастық негізінде трансшекаралық өзен суларын пайдалану мәселелері қарастырыла бастады. Осы ынтымақтастық негізінде өңірдегі су және экологиялық мәселелер бойынша мемлекеттер басшылары Алматы, Душанбе, Ыстық көл, Қызыл-Орда, Нүкіс декларациялары қабылданды. Осының нәтижесінде суды ортақ пайдалану бойынша екі және көпжақты бірқатар келісімдерге қол жеткізілді.

Осы орайда барлық тараптар үшін қанағаттанарлық болған, олардың су шарушылығы бойынша ұлттық мүдделерін реттейтін халықаралық-құқықтық механизмдерді қалыптастыру мен қолданыстағы құқықтық-нормативтік келісімдерді жетілдіру аса маңызды. Мұны жүзеге асыру әрбір мемлекеттің суды пайдалану бойынша ұлттық іс-әрекеттерін құқықтық шеңбер аясында жүзеге асыруға мүмкіндік береді [7-11].

Сондай-ақ, Амудария мен Сырдария өзендерінің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеу бойынша Орталық Азия аймағы мемлекеттері бірлескен үйлесімді шешімдер қабылдады. Осы бағыттағы алғашқы қадамдар 1992 жылдың ақпан айында Орталық Азия мемлекеттерінің Үкімет басшыларының кездесуінде орын алды. Осы кездесуде трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану және қорғау бойынша Алматы келісіміне қол қойылды. Аймақ мемлекеттері трансшекаралық су ресурстарын бөлуде КСРО кезінде келісілген Сырдария өзені бойынша № 413 және Амудария өзені бойынша №566 Протоколдарды басшылыққа алтындықтарына келісілді. Осы келісім бойынша Мемлекетаралық координациялық сушаруашылығы комиссиясын (МКСК) құру көзделген болатын. Аталған комиссияға Орталық Азия мемлекеттеріндегі су шаруашылығын пайдалануға жауапты министрлер мен олардың орынбасарлары кіретін болған.

Осы комиссия бес Орталық Азия мемлекеттері Үкіметінің бірлескен ұйымы болып, ол су ресурстарын басақару және трансшекаралық өзендердегі табиғи және гидроэкологиялық орнықтылық процесстерін сақтап құру функцияларын орындайды. Аталған комиссия аймақта су шаруашылығын бірлескен үйлесімді жүргізу саясатын мәселелерін шешумен айналысып, суды пайдаланудың әр жылғы мөлшерлерін құру және бекітуді жүзеге асырады, сондай-ақ, трансшекаралық өзен суларының ресурстарын мемлекетаралық келісілген түрде үлеструді қамтамасыз етеді. МКСК құрылымына суды үлеструді қадағалайтын атқарушы мекемелер ретінде осы аймақтағы су бассейніндегі су шаруашылығына жауапты мекемелер енгізілген: «Сырдария» және «Амудария». Кейінірек МКСК -ның Ғылыми ақпараттық орталығы құрылды.

Халықаралық өзендер тәуелсіз мемлекеттер жерлерінің су бөлігі және мемлекет құзырында болатындықтан, мемлекет деңгейінде өзен суларына қатысты оны пайдалауды реттеу және қорғауға қатысты барлық мәселелер мемлекеттердің ішкі заңдарымен және заң күшіндегі акттерімен, қаулыларымен және т.б реттеледі.

Мемлекеттердің ішкі заңдарына сәйкес су мемлекеттің меншігі болып табылады, ол азаматтардың игілігі үшін пайдаланылады. Сонымен қатар, су ресурстарына қатысты іс-әрекеттерге байланысты жауапкершілік мемлекетке жүктеледі. Әдетте, көптеген мемлекеттердің суға қатысты заң құжаттарында суды «тиімді пайдалану», «рациональ пайдалану», «жалпылық игілік» және осыған ұқсас терминдер қолданылады. Осы орайда бірқатар мемлекеттердің су кодекстерінен үзінділер келтіріп кетсек болады. Мысалға, Қазақстан Республикасының су кодексінің 8 бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының су фонды тек мемлекет меншігі болып табылады», ал Қырғыз Республикасының «Су жайлы» заңының 5 бабында «Қырғыз Республикасының мемлекеттік су фонды мемлекет меншігі болып табылады», Тәжікстан Республикасының Су кодексінде «Тәжікстан Республикасының Конституциясына сәйкес Тәжікстан Республикасының ішкі сулары тек мемлекет меншігі болып, халық игілігі болып табылады және тек қана пайдалауға берілді», Өзбекстан Республикасының «Су және суды пайдалану» жайлы заңының 3 бабына сәйкес «Сулар мемлекет меншігі– Өзбекстан Республикасының жалпыхалықтық игілігі болып, тиімді пайдалануға жатады және мемлекет тарапынан қорғалады» делінген. Түркменстан Республикасының Су кодексінде де су мемлекет меншігі деп көрсетілген.

Осы аймақтағы мемлекеттерде соңғы жылдардағы демографиялық өсулер (мысалға, 2022 жылда Өзбекстан Республикасының халық саны 33миллионнан асты), өндірістің және ауылшарушылығының артуы суға деген сұраныстың елеулі өсуіне алып келуде. Осы мәселелер су ресурстарын пайдалануда экономикалық, ортақ тиімділік жақтарын қарастыруды және оны құқықтық жақтарын жетілдіруді қажет етуде. Бұл мәселелерде бірлескен іс-қимылдар осы аймақ мемлекеттерінің, осы аймақта мекендейтін барлық халықтардың әлеуметтік-экономикалық өсулеріне ықпал жасайтындай болуы қажет.

Осы су ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғау бойынша декларация, резолюция және ұсыныстар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бразилияның Рио-де Жанейро қаласында 1992 жылы өткен конференциясында қабылданды.

Ұлттық деңгейде суға қатысты заңды құқық және үлестіру құрылымдары түсінігі «суға құқық» түсінігімен кең байланысты, алайда амалда осы термин дұрыс пайдаланылмайды. Осы «суға құқық» түсінігі салыстырмалы мағынада, яғни құқық және міндеттемелер, тұрғысынан қарастырылуы керек.

Осы орайда Орталық Азия аймағындағы мемлекеттер жоғарыда келтірілген халықаралық трансшекаралық өзен су ресурстарына қатысты құжаттарға қосылғандары ортақ мақсаттарға сай келетіндігін айта кету қажет. Бүгінгі күнге жағдай төмендегідей:

Қазақстан Республикасы 2001 жылдың 11 қаңтарында барлық құжаттарды ратификациялады. Қырғыз Республикасы 2001 жылдың 1 мамырында 1991 жылғы трансшекаралық контексте қоршаған ортаға әсерін бағалау Конвенциясын ратификациялады. Тәжікстан Республикасы 2001 жылы 17 шілдеде, ал Түркменстан Республикасы 1999 жылдың 25 маусымында қоршаған ортаға қатысты ақпаратқа қол жеткізу, қоғамның шешімдер қабылдау процессіне қатысуы және әділ сот бойынша мәселелерге қол жеткізуі бойынша Конвенцияны ратификациялады.

Ал Өзбекстан Республикасы осы жоғарыда келтірілген Конвенциялардың еш қайсысын ратификацияламаған.

Аймақтық деңгейде бірқатар екі жақты және көпжақты келісімдер жасалынды, олардың мақсаты трансшекаралық өзен суларының ресурстарын тең құқықтық негізде пайдалану және қорғау.

Мысалға, 1998 жылдың қыркүйек айының 11 жұлдызында Мәскеу қаласында су ресурстарын пайдаланудың жалпы принциптерін анықтау мақсатында Беларусь Республикасы, Ресей федерациясы және Тәжікстан Республикасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) қатысушылары-мемлекеттері, трансшекаралық су объектілерін тиімді пайдалану және қорғау саласы бойынша өзара іс-әрекеттер негіздері бойынша Келісімге қол қойылды. Айта кететін жайт, осы Келісім 2002 жылдың маусым айында күшіне енді.

Осы екі жақты және көпжақты келісімдер бүгінгі таңда Орталық Азияда трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау бойынша мәселелерді реттеуге қатысты негізгі халықаралық-құқықтық механизм болып табылады.

Осы аймақ елдерінің тұрақты дамуы мемлекетаралық іс-қимылдар мен ынтымақтастыққа тәуелді, сондай-ақ, трансшекаралық өзен суларын бірлесіп тиімді пайдалану мен қорғаудың құқықтық механизмдерін (нақты өзендер бойынша екі және көпжақты келісімдер және т.б.) жасау және мемлекетаралық және ұлттық деңгейде құқықтық базаны жетілдіруді қажет етеді. Сырдария және Амудария өзендеріне қатысты Орталық Азия мемлекеттерінің осы өзендер бойынша принциптері, құқықтары және міндеттемелері бойынша халықаралық-құқықтық режимнің орнығуы мәселелері әрі қарай құқықтық талдау мен шешімдерді қабылдауды қажет етеді.

Осындай құқықтық механизмдерді қалыптастыруға халықаралық су ағындарын кеме қатынасы жоқ пайдалану бойынша 1977 жылғы Конвенция негіз бола алады. Аталған Конвенция халықаралық су ағындарын пайдалану бойынша бірқатар базалық қағидаттарды белгіледі және тараптарды өз аумақтары бойынша ағып жатқан өзендерді пайдалану бойынша келіссөздер жүргізуге бағыттады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, мемлекетаралық ынтымақтастық суды тұтынушы елдердің экономикалық қажеттілігін ескере отырып, халықаралық құқықтың негізгі принциптері негізінде құрылуы керек екенін атап өткен жөн. Трансшекаралық өзендердің суларын тиімді пайдалану жөніндегі конвенциялар, шарттар түріндегі құқықтық тетіктерді құру Орталық Азия мемлекеттерінің басты міндеттеріне айналуы қажет. Сонымен қатар бұл тетіктер осы аймақтағы әр елдің егемендік құқықтарын құрметтеуі және осы өңір мемлекеттерінің орналасуының табиғи-географиялық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Сонымен қатар, БҰҰ 55/2 резолюциясының IV пунктiне сай «су шарушылығы стратегиясын аймақтық, ұлттық және жергiлiктi деңгейлерде даярлауда су ресурстарын тиiмсiз пайдалануды тоқтату, суға әдiл қол жеткiзуге ықпал жасау» басты қағидаттар болуы атап көрсетiлген.

Әдебиеттер тiзiмi

1. Жильцов С.С., Зонн И.С. Борьба за воду // Индекс безопасности. 2008. № 3. С. 49–62.
2. Сидорова Л. Государства Центральной Азии: проблемы совместного использования трансграничных водных ресурсов // Центральная Азия и Кавказ. 2008. № 1. С. 92–104.
3. Жильцов С.С., Бименова А. Политика стран Центральной Азии в области использования водных ресурсов трансграничных рек // Центральная Азия и Кавказ. 2015. № 1. С. 90–100.
4. Жильцов С.С. Политика стран Центральной Азии: водно-энергетический аспект // Вестник РУДН. Политология. 2016. № 3. С. 7–18.
5. Документ ООН А/ CONF.151/26/Rev.1 (Vol.1) // <http://www.un.org/russian/document/declarat/triodecl.htm>
6. Беккин Р.И. Право собственности на природные ресурсы в мусульманском праве (на примере четырех суннитских мазхабов). // Международное право, 1999, №2. С.73-82.
7. Косарева М.А. К вопросу о понятии трансграничных природных ресурсов в международном праве // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 11: Право, 2007, № 4. С. 66.
8. Гончаренко А. Использование ресурсов трансграничных вод: состояние и перспективы // Мировая экономика и международные отношения. 2002, № 5. С. 83–91.
9. Гуреев С.А., Тарасова И.Н. Международное речное право. - М.:, 1993.
10. Корбут Л.В. Международно-правовой режим рек: История и современность // Под ред. Г.И.Тункина. Академия наук ССР, Советская ассоциация международного право. - М.: Наука, 1987.
11. Корбут Л.В., Баскин Ю.Я. Международно-правовой режим международных рек.- М.: Наука, 1987.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы международного использования трансграничных рек республиками Центральной Азии и их правового регулирования на основе принципов и норм международного права. Это трансграничные реки Амударья и Сырдарья без судоходства, а главная проблема – международные правовые аспекты совместного рационального использования и охраны водных ресурсов государств региона и равного доступа к ним.

Комплексно рассмотрено понятие трансграничной воды, проведен анализ правовых характеристик трансграничных водных ресурсов, проанализированы международные нормы использования вод трансграничных рек. Проанализированы принципиальные обстоятельства, составляющие общую правовую основу при заключении двусторонних или многосторонних соглашений в отношении трансграничных водотоков. Проведен анализ содержания и характера международных конвенций, соглашений, касающихся совместного использования и охраны водных ресурсов. Отмечается, что межгосударственное сотрудничество должно строиться на основе основных принципов международного права с учетом экономических потребностей стран-водопотребителей.

Abstract

The article deals with the issues of international use of transboundary rivers by the Central Asian republics and their legal regulation based on the principles and norms of international law. These are the transboundary rivers of the Amudarya and Syrdarya without navigation, and the main problem is the international legal aspects of the joint rational use and protection of water resources of the states of the region and equal access to them.

The concept of transboundary water is comprehensively considered, an analysis of the legal characteristics of transboundary water resources is carried out, and international norms for the use of waters

of transboundary rivers are analyzed. The fundamental circumstances that constitute the general legal basis for the conclusion of bilateral or multilateral agreements regarding transboundary watercourses are analyzed. An analysis of the content and nature of international conventions and agreements relating to the sharing and protection of water resources has been carried out. It is noted that interstate cooperation should be based on the basic principles of international law, taking into account the economic needs of water-consuming countries.

ӘОЖ 372.854

Г.М. Адырбекова^{1*}, Қ.Н. Мусабаева¹, А.К. Журкабаева²

¹х.ғ.к., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

²бастауш сыныптардың мұғалімі, №10 «Женіс» мектеп-гимназия, Асықата, Қазақстан

*Корреспондент авторы: adyrbekova.gulmira@mail.ru

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін

Бұл мақалада авторлар бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тақырыпты қарастырады. Тақырыптың өзектілігі жаңартылған орта білім беру мазмұнындағы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен айқындалады, ол оқушы өзін-өзі анықтай алатын және өзін-өзі тәрбиелейтін, әртүрлі қызмет түрлерінің тәжірибесін, ең алдымен белсенді танымдық қызмет тәжірибесін алатын тұлғаға бағытталған және дамытушы бастауыш мектепті құру қажеттілігін көрсетеді. Мұның бәрі қазақстандық білім беру жүйесін оқушылардың бастауыш мектеп жасынан бастап зерттеу дағдыларын қалыптастыру қажеттілігіне әкеледі. Ол үшін зерттеу дағдылары мен дағдылары ұғымын қарастыру тақырыбына арналған психологиялық-педагогикалық әдебиеттер зерттелді. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі әртүрлі ғалымдардың "дағдыларды" түсіндіруін талдау. авторлар дағдыларды дамытудың ең жоғары кезеңі ретінде анықтайтын кез-келген қызметті кәсіби деңгейде жүзеге асыру мүмкіндігі деп анықтады. Сонда шеберлік шындықтың өзгеретін жағдайларындағы әрекеттерді өзгерту мүмкіндігін білдіреді.

Кілттік сөздер: бастауыш сынып оқушы, зерттеушілік дағдылары, дағды, ұғым

Кіріспе. Қоғам дамуының қазіргі кезеңі қарқынды және үнемі жеделдетілген ақпараттық-техникалық прогреспен сипатталады. ХХІ ғасырдағы адамның жетістігі толығымен оның жеке және кәсіби қасиеттеріне байланысты, олардың ішіндегі ең маңыздысы – сыни ойлау, шығармашылық қабілеті, тәуелсіздік, өз қызметін өзін-өзі ұйымдастыру қабілеті. Мұның бәрі білім беру сапасын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Бастауыш жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандарты [1] оқушының өзін-өзі анықтап, өзін-өзі тәрбиелей алатын, әр түрлі іс-әрекеттерден тәжірибе жинай алатын және, ең алдымен, белсенді танымдық іс-әрекет тәжірибесін алатын жеке тұлғаға бағытталған және дамытатын бастауыш мектеп құру қажеттілігін көрсетеді. Мұның бәрі қазақстандық білім беру жүйесін бастауыш мектеп жасынан бастап оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру қажеттілігіне әкеледі.

Теориялық талдау. «Зерттеу дағдылары» негізгі ұғымының мәнін ашу көмекші ұғымдарды бөлектеуден және қарастырудан басталуы керек. «Зерттеу» ұғымын және онымен логикалық байланысты «зерттеу қызметі» ұғымын қарастырыңыз.

«Зерттеу - шынайы жаратушыларды тәрбиелеу жолы», - деп жазады А.И.Савенков [2]. Шығармашылық болмаса, зерттеу жүргізу мүмкін емес және ол тек ішкі қажеттіліктің, атап айтқанда білімге деген қажеттіліктің негізінде пайда болады. Осы жерден А.И.Савенков зерттеудің келесі анықтамасын анықтайды – «белгісіз, жаңа білімді іздеудің шығармашылық

процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі» [2]. Осыған сүйене отырып, зерттеу оқушыларға қазіргі заманғы адам үшін қажет дағдыларды дамытудың тиімді әдісі деп қорытынды жасауға болады.

Әр түрлі авторлардың «зерттеу қызметі» ұғымына өз көзқарастары бар. А.И.Савенковтың ұстанымын қарастырамыз [3]. Ол ғылыми-зерттеу қызметін зияткерлік және шығармашылық қызметтің ерекше түрі ретінде түсіндіреді. Оның пікірінше, қызметтің бұл түрі іздеу қызметі тетіктерінің жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болады және зерттеу мінез-құлқы негізінде құрылады. И.А.Зимняя және Е. А. Шашенкова [4] басқаша пікірді ұстанады. Олардың көзқарасы бойынша зерттеу қызметі-бұл адамның арнайы қызметі. Бұл әрекет адамның санасы мен белсенділігімен реттеледі, ал оның басты бағыты – зияткерлік қажеттіліктерді қанағаттандыру, оның өнімі жаңа білім болып табылады.

Зерттеу қызметін сәтті жүзеге асыру субъектінің зерттеушілік дағдыларының болуына байланысты. Алайда, «зерттеу дағдылары» ұғымын ашу үшін «дағдылар» терминін аспау мүмкін емес.

Оқушылардың әртүрлі дағдыларды қалыптастыру мәселелерін отандық және шетелдік ғалымдар белсенді зерттеді. Бұл тақырып бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулердің кең базасы бар, бірақ шешілмеген және даулы мәселелер әлі де бар. Атап айтқанда, «шеберлік» және «дағды» ұғымдарын қолданудың сәйкессіздігі туралы айтуға болады. Бұл ұғымдарды түсіндірудің анық еместігі мамандардың бір-бірін түсінуіне кедергі келтіреді және оқушылардың кез-келген дағдыларын қалыптастыру үшін педагогикалық процесті түсінуді қиындатады. Мұғалімдердің бір тобы шеберлікті дағдыларға қарағанда жаттығулар мен әрекеттерді игерудің жоғары сатысы деп санайды. Тұжырымдамаларды түсіндірудегі мұндай қайшылықтар психологиялық құбылыстарға көзқараста субъективтілікке әкелуі мүмкін дейді Е.И. Бойко [5].

Нәтижелер мен талқылау. Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде «дағды» ұғымы қалай анықталатынын қарастырамыз.

Кеңес психологы Н.Д.Левитов өз зерттеулерінде «шеберлік - бұл дұрыс жұмыс әдістерін таңдау және қолдану арқылы және белгілі бір жағдайларды ескере отырып, іс-әрекетті немесе қызметті сәтті орындау» деп тұжырымдайды [6].

Көрнекті маманның пікірінше, психологияның әртүрлі салаларында Б.Ф.Ломов [7], шеберлік-бұл қозғалыстағы, ақыл-ой әрекеттерін қамтитын күрделі стихиялық білім. Танымал педагогтердің, сондай-ақ педагогикалық сөздіктердің арасында сіз осы терминнің басқа түсіндірмелерін таба аласыз. Г.М.Коджаспирова және А.Ю.Коджаспиров [8] педагогикалық сөздікте бұл дағды, ең алдымен, тез, дәл және саналы түрде үйренген білім мен өмірлік тәжірибе арқылы жүзеге асырылатын практикалық және теориялық іс-әрекеттерге дайындық екенін көрсетеді. Педагогикалық терминдер сөздігінде [9] терминнің келесі түсіндірмесі бар: дағды - бұл білім негізінде немесе еліктеу нәтижесінде пайда болатын әрекеттер. Ю.К.Бабанскийдің зерттеулерінде келесі анықтаманы табуға болады: «дағды - бұл кез-келген іс-әрекет техникасын саналы түрде игеру (белгілі бір операциялардың жиынтығы немесе іс-әрекеттерді жүзеге асыру тәсілдері)» [10].

Қорытынды. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттегі әртүрлі авторлардың «дағдыларды» түсіндіруін талдағаннан кейін, бұл тұжырымдаманы ғалымдар әртүрлі жолмен түсіндіреді деп айта аламыз. Бір топ зерттеушілер кәсіби деңгейде кез-келген қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін түсінеді. Олардың пікірінше, шеберлік іс-әрекеттің меншік дәрежесін сипаттайтын кейбір дағдылар негізінде қалыптасады. Демек, бұл жағдайда дағдылар шеберліктен бұрын болады деп айтуға болады. Зерттеушілердің басқа тобы, дағдылар дегеніміз - қандай-да бір әрекетті немесе операцияны жүзеге асыру мүмкіндігі. Бұл жағдайда дағдылар іс-әрекеттерді игерудің жетілдірілген кезеңі ретінде қарастырылады, сондықтан шеберлік дағдыдан бұрын болады. Сондай-ақ, шеберлікті шеберліктің дамуының ең жоғары сатысы ретінде анықтайтын зерттеушілердің үшінші тобы бар. Осылайша дағды өзгермелі

шынайылық жағдайында әрекеттерді өзгерту мүмкінді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген.
2. Савенков А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников. — Самара: Издательство «Учебная литература», 2004. – 80 с.
3. Острикова Е.А. Психолого-педагогические основы формирования исследовательских умений и навыков школьников // Молодой учёный. 2012. -№ 10 (45).- С. 358-361.
4. Зимняя И.А. Шашенкова Е.А. Исследовательская работа как специфический вид человеческой деятельности. – Ижевск: ИЦПКПС, 2001. -103 с.
5. Бойко Е.И. Еще раз об умениях и навыках // Вопросы психологии. 1987.- №1. - С. 133-148.
6. Левитов Н.Д. Детская и педагогическая психология [Текст] : Учеб. пособие для пед. ин-тов / Проф. Н. Д. Левитов. - 3-е изд., испр. и доп. – М.: Просвещение, 1964. - 478 с.
7. Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – М.: изд-во «Наука», 1985.- 444 с.
8. Коджаспиров А.Ю., Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь. 2-е изд. – М: изд-во «Академия», 2005.- 176 с.
9. Новиков А.М. Педагогика: словарь системы основных понятий. – М: Издательский центр ИЭТ, 2013. - 268 с.
10. Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды / сост. М.Ю. Бабанский. М.: Педагогика, 1989.- 560 с.

Аннотация

В настоящей статье авторы рассматривают тему, посвященную формированию исследовательских умений у младших школьников. Актуальность тематики определяется государственным общеобязательным стандартом РК обновленного содержания среднего образования, который указывает на необходимость создания лично-ориентированной и развивающей начальной школы, в которой учащийся сможет самоопределяться и самообразовываться, приобретать опыт различных видов деятельности, и, прежде всего, опыт активной познавательной деятельности. Все это подводит казахстанскую систему образования к необходимости формирования у учащихся исследовательских умений, начиная уже с младшего школьного возраста. Для этого были изучена психолого-педагогическая литература, посвященная теме рассмотрения понятия исследовательские навыки и умения. Проанализировав толкование «умения» различными авторами в психолого-педагогической литературе. авторы определили, что под умениями понимается возможность осуществлять на профессиональном уровне какую-либо деятельность, определяющих умение как высшую стадию развития навыка. Тогда умение подразумевает способность варьировать действия в изменяющихся условиях действительности.

Abstract

In this article, the authors consider a topic devoted to the formation of research skills in younger schoolchildren. The relevance of the topic is determined by the state mandatory standard of the Republic of Kazakhstan for the updated content of secondary education, which indicates the need to create a personality-oriented and developing primary school in which the student will be able to self-identify and self-educate, gain experience in various types of activities, and, above all, the experience of active cognitive activity. All this brings the Kazakh education system to the need for students to develop research skills, starting from primary school age. For this purpose, the psychological and pedagogical literature devoted to the topic of consideration of the concept of research skills and abilities was studied. Having analyzed the interpretation of "skill" by various scientists in the psychological and pedagogical literature. the authors determined that skills are understood as the ability to carry out any activity at a professional level, defining the skill as the

highest stage of skill development. Then the ability implies the ability to vary actions in changing conditions of reality.

ӘОЖ 371.4

Г.Т. Атемова, Х.Ж. Смағұл*, А.С. Сабекова

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

*Корреспондент авторы: khamza.smagul@bk.ru

ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӨСУ ЖОЛДАРЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 70-90 ЖЖ.)

Түйін

Ауыл дегеніміз дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық. Қазақ халқындағы «Ауыл түбі - бірлік, қауым түбі - тірлік» деген мақал ауылдың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді. Кең даланы қоныс еткен көшпелілер үшін табиғатпен үйлесімді тіршілік ету жеткіліксіз еді. Олардың әлеуметтік ортасы да адамға қолайлы болуы қажет. Бұл қажеттілік жеті аталық үрдіс деп аталатын қоғамдық құрылымды тудырды. Дәстүрлі қазақ ауылы бір атадан тараған (аздаған кірме, қонсыларды қоспағанда) ру мүшелерінен тұрды.

Мақалада 1970-1990 жылдардағы Қазақстан ғылыми-педагогикалық интеллигенция мәселелерінің тарихы қарастырылып, өзіндік талдау жасалған. Мектеп мұғалімдерін дайындайтын жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамының жас-ерекшелігі, мамандарды даярлаудың сапасы мен тиімділігі, ауылдық жерлердегі мектеп институтының даму эволюциясы, маман мұғалімдерге сұраныс деңгейі, олардың Қазақстандық қоғамдағы мәртебесі сияқты маңызды сұрақтарды қамтитын күрделі мәселеге ретроспективті көзқарас сізді қызықтырса онда бұл мақала сізге арналған.

Кілттік сөздер: ауыл мектебі, мұғалімдік кәсіп, педагогикалық оқу орындары, профессор-оқытушылар құрамы, білім және тәрбие сапасы

Ауыл - қазақ халқының ұлттық негізінің мәйегі, тіл, салт-дәстүр, мемлекет іргесінің қалыптасуы мен дамуының алтын бесігі. Ол сондай-ақ, ұлттық болмыс пен психология, этнопедagogиканың өміршең өзегі. Ауылдағы осынау рухани қазынамызды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп жеткізу тек саналы әрі білімді жастардың ғана қолынан келеді. Өркениет біткеннің өзегі білім, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда, білім ордасы - мектеп, ал мектеп жаны - мұғалім екендігі баршаға мәлім. «Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай, ашық айтатын адамы - мұғалім» деп ұлы қаламгер Ғ.Мүсірепов айтпақшы, мектептің тірегі де, жүрегі де мұғалім.

А.Байтұрсынов өзінің «Мектеп керектері» еңбегінде былай деп жазды: «...мұғалім қандай болса, мектеп хәм сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»[1]. Өткен ғасырдың басында айтылған ұлы ағартушының бұл сөзі өзінің маңызын әлі күнге дейін де жойған жоқ.

Жас ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеу, жаңалық атаулының жаршысы болу, шынайы рухани байлықтарды қалың көпшілікке жеткізу әрқашанда мұғалімдер алдындағы міндеттер саналды. Мұғалімдік кәсіптің қадір - қасиеті төңірегінде ұлы ойшылдар мен ағартушылардың айтқандары мен жазғандары өз алдына ұлан - ғайыр дүние. Әрине, содан бергі өткен уақыт ішінде мектеп ісінде, мәдени құрылыста аз өзгеріс болған жоқ. Халықтың білім деңгейі де мейілінше өсті. Соған қарамастан, ауыл мұғалімінің өсу жолдары, олардың кәсіби кемелденуінің тарихын, мәдени- ағартушылық белсенділігінің

қайнар көздері мен проблемаларын ғылыми тұрғыдан танып білудің маңыздылығы артпаса, төмендемек емес. Өйткені, қандай қоғамда да, қай кезде де мұғалім мамандығы - өзінің өміршеңдігін жоғалтпайтын аз мамандықтардың бірі.

Мұғалімдердің әлеуметтік болмысына тән қасиет - олар өздерінің кәсіби қызметінен тыс, басқа да сан алуан мәдени-ағартушылық, тәрбиелік жұмыстарды жүргізеді. Яғни, ауыл-село мұғалімдері білім мен мәдениетті көпшілікке таратушы тұлға. Сондай-ақ, мұғалімдер өмір сүріп жатқан ортадағы өзгерістер ықпалымен өздері де сандық әрі сапалық өсуді бастан кешіріп отырады. Осының себебі мен салдарын ғылыми тұрғыдан сараламайынша болашақ мамандарды даярлау ісін алға бастыру, оларды белсенді өмірлік позиция таңдауға үйрету, мектепте де, мектептен тыс жерлерде де мәдени іске мұрындық болуға әзір тұруын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Ауыл - селолардың мұғалім мамандарына деген сұранысын қамтамасыз ету үшін барлық облыс орталықтарында педагогикалық оқу орындары ашылды. Мәселен, 1985 жылы Қазақ КСР Ағарту министрлігінің қарамағында 18 педагогикалық институт, 28 педагогикалық училищелер мұғалімдер дайындаумен айналысып жатты [2]. Осы оқу орындарын аяқтап, мұғалімдік мамандық алған студенттердің көпшілігі өз қалауларымен ауыл-селоларға барып, шәкірттер тәрбиелеумен айналысты. Пединституттарда 80-ші жылдардың өзінде 71,6 мың студенттер оқып жатты. Дәл осы уақытта Қазақстанның мектептерінде 185,4 мың мұғалімдер жұмыс істеп жатса, олардың 68,2 процентінің жоғары білімі болды. [3]. Бірақ, осы сапалық жағдайдың өзі сол кездегі жалпыодақтық көрсеткіштен 8 процент төмен дәрежеде еді. Осы кезде жаппай сипат алған әрбір облыс орталықтарында педагогикалық оқу орындарын ашу саясаты да бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда өзін-өзі ақтамаған әрекет болғандығы дәлелденіп отыр. Себебі, көп жерлерде асығыс науқаншылдық сипатта ашылған пединституттардың материалдық-техникалық базасы нашар, профессор-оқытушылар құрамының сапалық құрамы төмен жағдайда болды.

1970-1985 жылдар аралығында республика пединституттарындағы ғылым докторлары мен кандидаттарының үлес салмағы тиісінше 12-570 және 54-1341 дәрежесінде болды[4] яғни, ғылыми атақ - дәрежесі бакалавр үлес салмағы 19,8 проценттен 31,7 процентке дейін өскен екен. Алайла осы ғылыми-педагогикалық мамандардың республикалық _ пединституттарда таралып орналасуы әркелкі болды. Мәселен, 70-ші жылдардың басындағы жекелеген педагогикалық оқу орындарындағы атақ-дәрежесі бар мамандардың орналасуы былайша қалыптасты: Абай атындағы ҚазПИ-да-48,3%; Орал, Шымкентте-30%; Өскеменде-26,9%; Көкшетау, Ақтөбе, Целиноград педагогикалық институттарында 15%-тен аз. Ал, республикадағы 10 пединститутта бірде-бір доктор болмады. Жалпы, мектептерде білім беретін мұғалімдердің білімі мен іскерлігі жоғары оқу орындарында дәріс беретін ұстаздардың шеберлігіне тікелей байланысты екендігі белгілі. Бірақ, сол ұстаздардың бір сарындылықпен кетіп ғылыми дәрежелерін көтеруге, білімдерін жетілдіруге мән бермегендігі де жасырын нәрсе емес.

Бұған дәлел, республика пединституттарындағы 1983 жылғы көрсеткішті айтсақ та жетіп жатыр, яғни 10 жыл өткеннен кейінгі жағдай көп өзгермеген екен. Атап көрсетсек, ҚазПИ-да 55,4%; Орал мен Өскеменде тиісінше 36,3 және 32,2%; Жезқазған, Арқалық, Талдықорғанда 10,5 проценттен 19,5 процентке дейін атақ-дәрежесі бар ғылыми-педагогикалық мамандар жұмыс жасады. 8 педагогикалық институтта бірде-бір ғылым докторы, профессор болмаған [5].

Ал, 90-шы жылдардың басындағы жас ғалымдардың бизнестік құрылымдарға немесе басқа да еңбек ақысы жоғары мемлекеттік жұмыстарға кетуі болашақ ұстаздар арасындағы сабақтастыққа кері әсерін тигізді.

Профессор-оқытушылар құрамы жасының артуы маман даярлаудың сапасы мен тиімділігін төмендетте түсті.

Қарастырылып отырған кезеңде ұстаз мамандарға деген сұраныс күн тәртібінен

түспеді. Әсіресе, бастауыш сыныптар, тіл мамандары, тарих, дене шынықтыру мен еңбек пәндерінің мұғалімдері жетіспеді. Мұғалім мамандығын жыл сайын мындаған адамдар алып шыққанымен олардың тұрақтап, жұмыс істеуі сын көтермеді. Шамамен олардың 10 проценті бір жылдан соң-ақ мектепті тастап кетіп отырды. [6]. Мұның себептері де көп болды. Мәселен, қоғамдағы мұғалімдерге деген құрметтің азаюы, олардың еңбек ақыларының төмен болуы т.б. Нәтижесінде, ауыл мектептерінде жоғары білімді мамандар жетіспеді. Педагогикалық институттардың түлектері ауылға қалғысы келмей, әр түрлі тәсілдермен қалаға кетуге бар мүмкіншіліктерін салды. Жан-жақты дайындығы бар, білімі жоғары жас мұғалімдердің қарапайым ауылда жұмыс істегенін былай қойғанда, аудан орталығындағы мектептерді тастап қалаға кетуі дәстүрге айналды.

Осындай жағдайда аймақтардағы мұғалімдерді тұрақтандыру және оларды қайта даярлау жұмыстарының маңызы жоғары болды. Өкінішке орай, оқу министрлігінің Қызылорда облысында жүргізген сабаққа қатысуды талдау, оқушылардың бақылау жұмыстарының қорытындысы нәтижелері шәкірттердің толық көлемді білім алмағандығын көрсетті. Көптеген пәндер бойынша оқушылардың білімі төмен болды. Мұның басты себебі, көптеген мектептердің директорлары мен олардың орынбасарлары мектепті басқарудың ғылыми негіздерін, оқу-тәрбие процесін педагогикалық таңдау технологиясын жетік білмеді. Олар мұғалімдердің сабақтарына қатысумен ғана шектеліп, мектеп ішілік жетекшілік пен бақылауды дұрыс жолға қоймады.

Ақтөбе облысында әрбір оныншы мұғалімнің базалық білімі болмады. Осы облыстың Ырғыз, Октябрь, Темір аудандарында әрбір үшінші мұғалімнің тек орта арнаулы білімі ғана болды. Олардың көпшілігі жұмыстарын дұрыс атқара алмады, соған қарамастан олардың бірде-біреуі жүргізілген аттестациялау қортындысы бойынша кәсіби шеберлігі төмен деген негізде жұмыстан босатылмады [7].

ағартушылығы барлық белгілерімен толыққанды тұтас қоғамдық процесс ретінде ХХ ғасырдың басында қарқынды өріс алғанымен, қудалаудың кесірінен ұзаққа созылған жоқ. Бар болғаны жиырма жылға жетер-жетпес мерзімге созылды [4].

Ал оны бастап, бағыт-бағдарын анықтаған тұлғалар түгелдей дерлік саяси репрессия құрбаны болды. Мұндай трагедияны бірде-бір еуропалық ұлт басынан кешірген жоқ. Соған қарамастан қазақ зиялыларының 20-30 жыл көлемінде жүріп өткен жолы кез-келген зерделі адамды таң қалдырмай қоймайды. Осы мезгілде олар заман сұранысына лайық ұлт-азаттық күрес идеологиясын қалыптастыра отырып, отаршыл билікке арыз-тілек (петиция) жазудан (1905) ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту мәселесін қолға алып, оны іске асыру әрекетіне дейін көтерілді (1917). Мұндай жағдайдың адамзат тарихында жиі көріне бермейтіндігін айтқан артық емес.

Қазақ ағартушылығының сондай-ақ мынадай бір ерекшелігіне назар аударған жөн. Ол қоғамдық ұстаным және көзқарас ретінде қазақ, ұлтшылдығына соқпай өте алмайтын еді. Ал қазақ ұлтшылдығы қоғамдық ойдағы негізгі де ықпалды ағым ретінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті арқылы толық көрініс тапты. Бұл ретте «Айқаптың» орны мен рөлі (1911-1915) қазақ ұлтшылдығының бастапқы қалыптасу кезеңіне сай келсе, ал «Қазақ» газетінің қызметі оның, яғни қазақ ұлтшылдығының біржола кемел ағым ретінде орнығуына түс келді. Ұлтшылдық (қоғамдық ойдағы ағым, ұстаным ретінде) бұл жалғыз қазақ қоғамына ғана емес, жалпы барлық отар елдерге ортақ құбылыс болатын. Сондықтан болса керек, Дж. Неру осы тарихи кезеңде ұлтшылдық «бүкіл Азия елдерінде үстемдік құрған прогресшіл күш болды», - деп көрсетті[5].

Қазақ ағартушылығының қоғам мойындаған негіздері:

- Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) деп тастаған ұраны, Оян қазақ кітабы
- Қазақты «Маса» болып ояту Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» (1909) және «Маса» (1911) атты кітаптары
- Қазақты «Маса» болып ояту Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысал» (1909) және «Маса» (1911) атты кітаптары

Аштықпен күресте халықты үндеп, жағдайы бар отбасылардан өз еркімен беретін мал, астық, көлік, киім және басқа түрлі заттар жиналған. Осы істе ерекше белсенділік танытқан М. Дулатов пен Ж. Аймауытов, малды елге жеткізуде сенімді кісі болып апармаса,

мал берген елдің көңілі жай таппайтындығын ескеріп, міндет ауыр да бола екеуі тапсырманы орындауға басты жауапкершілікті өз міндеттеріне алған. Осылайша темір жол түспеген шет аймақтағы халықты аштықтан аман алып қалған.

«Жылу жинау» қаншама адамның өмірін тірі алып қалуға деген ұмтылыс. Оған малымды сұрадым деп байлар да қарсы тұрмаған. Қазақтар қиналған отбасыларға көмектесіп тірі алып қалып қатарға қосқан [6].

Ақыры 1926 жылдың наурызында Торғайда ашыршылыққа шалдыққандарға көмектесемін деп, басы дауда қалғандарға шешім шығарады. Жүсіпбек Аймауытовты және сол Торғайдың аш халқына мал тарату ісіне қатысқан Шайқы Құлжанов, Ілияс Байменов, Рүстем Әбдіғапаров және Ахмет Исабай Жүсіповты 1 жылдан 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру туралы сот шешімі шығады. Бірақ, артынан қазақ орталық атқару комитетінің араласуымен сол жылдың сәуір айында, 26 сәуірде, оларға кешірім жасау туралы қайта шешім шығарылып, сөйтіп Жүсіпбектер ақталып шығады.

Ең ұзақ сот процесі ретінде тарихта 12 топ болып, қатталып қалған сол істің әлегі енді бітті ме дегенде Жүсіпбектің ізін аңдушылар оны ақыры аяғынан шалып жықты.

«1928 жылы алғаш ұсталу себебі Орынбордағы халық театрының тұңғыш директоры Созақ көтерілісіне қатысты болған Дінмұхамед Әділов екеуінің жақын дос болғанында. Голошкекинге қарсы астыртын шара ұйымдастырды деген айыппен ұсталады. Тергеу кезінде Жүсіпбектің кінәсі еш дәлелденбесе де оған алты түрлі айып тағылды. Яғни, Жүсіпбек Аймауытовқа Кеңес үкіметін құлату үшін астыртын контрреволюциялық ұйым құрды, әскери жасақ құруға ұмтылды. Сөйтіп, қарулы көтеріліс арқылы Қазақстанды Ресейдің

құрамынан бөліп алып кетпек болды. Англиямен астыртын байланыс орнатып, Қырда көтеріліс ұйымдастыруды жоспарлаған. Тіпті, қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Голощекин жолдасқа қастандық жасап, атып өлтірмек болған деген жала жабылды. Осындай жаланы арқалаған жазушы кінәсі дәлелденбесе де жазықсыздан жазықсыз айдалып кете барды.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін күн тәртібіне шығарған және қазақ зиялыларының еркін пікір алаңына айналған. «Қазақ» газеті жарық көре бастағаннан бастап оның бас редактор Ахмет Байтұрсынұлының орынбасары қызметінде Міржақып Дулатұлы болды.

Алғашқы кітабы — "Оян, қазақ!" деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлең жинағы. Одан кейін 1913 жылы Орынборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлеңдер кітаптары басылып шығады. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы—ел тағдыры болды. Алғашқы кітабы "Оян, қазақ!" жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Қайта басылады. Кітаптың негізгі мазмұны халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге шақырған өлеңдер құрады. Сол себепті де кітап тұтқындалып, авторы қуғынға ұшырайды[7].

Қорытынды

Қазақ ағартушылығы басқа елдердегідей барлық даму сатысынан еркін жүріп өтіп, ұлттық мінез бен болмыстың жаңа сапаға өтуін қамтамасыз ету мүмкіндігінен айырылды. Билік тарапынан тура осындай шектеу және құғын-сүргінге қазақ ұлтшылдығы да ұшырады. Большевиктік идеология қорғаныстық мазмұнындағы қазақ ұлтшылдығын, агрессивті прогреске қарсы ұстанымдағы көзқарас есебінде көрсетті. Халықтар достығы және интернационализмді негізгі ұраны ретінде көтерген билік, шын мәнінде өмірде пәрменді орыстандыру саясатын жүргізді. Бар болғаны 20-30 жылдың ішінде ғана бірнеше мәрте сұрапыл аштықты (1921-22, 1931-33) екі бірдей зиялылар және саясаткерлер буынын жұтқан саяси репрессияны, азамат соғысы мен фашизмге қарсы соғыстарды, қуатты орыстандыру процесін басынан өткізген қазақ қоғамы терең рухани күйзелістерге ұшырады. Ең негізгісі XX ғасыр басында барлық Азия елдерінде көрініс тапқан ұлтшылдық идеясы қазақ қоғамында өзінің табиғи сәресі – ұлттық мемлекеттік құрумен аяқтала алмады. Бірақ қазақ зиялыларының әрекеттері қоғамдық сананы оятуда елеулі күш болы.

Әдебиеттер тізімі

1. Шалдарбекова А.Б. Қоғам және ондағы діннің орны. Оқу құралы. Шымкент: Қасиет баспасы, 2016, 120б.
2. Қазақтың философиялық мұрасы ежелден бүгінгі күнге дейін. Алматы: Ғылым баспасы, 2006, 195б.
3. Қазақ халқының философиялық мұрасы: жиырма томдық. Астана: Аударма, 2005, 120б.
4. Шалдарбекова А.Б. «Философия тарихы» пәнін оқытуға арналған әдістемелік ұсыныстар. 5В020100 – Философия мамандығының студенттеріне арналған. Шымкент: Самға баспасы, 2018, 87б.
5. Нысанбаев А. Жаһандану және мәдениетаралық диалог мәселесі 2 томдық, Алматы: Қазақстан Республикасы БҒМ Философия және саясаттану институтының Компьютерлік-баспа орталығы, 2004, 1.1. – 274 б.
6. Масалимова А.Р., Абдуразакова Г.А. Интеллектуалды ұлттың қалыптасуындағы акмеологиялық мәдениеттің ролі // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. 2014, №2(47)-92-105б.
7. Сэмюэль Хантингтон. Столкновение цивилизаций. Москва: издательство Палитра, 1993, 300с.

Аннотация

В статье рассматриваются размышления казахских интеллектуалов об истории казахского народа из их великих произведений, анализируя вопросы национальной идеи в трудах казахской интеллигенции: справедливость, единство, развитие национального языка, культуры, обучение, образование, равенство других стран и стран. Раскрыта роль взглядов казахской интеллигенции в модернизации национального сознания.

Исследовано отражение проблемы сохранения национальной культуры в процессе восприятия мировой культуры в творчестве национальной интеллигенции. Акцентируя внимание на специфике казахского просвещения, сделан вывод, что идея просвещения на казахской почве, наряду со старой феодальной дисциплиной и антиобщественными отношениями, религиозным фанатизмом, призвана избежать российского колониального угнетения, овладеть знаниями и наукой, достойными спроса времени. Раскрывается роль газеты «Қазақ» в духовном росте населения, которая вывела на повестку дня актуальные вопросы казахского общества начала XX века и стала площадкой свободного мнения казахской интеллигенции.

Abstract

The article examines the reflections of Kazakh intellectuals on the history of the Kazakh people from their great works, analyzing the issues of the national idea in the works of the Kazakh intelligentsia: justice, unity, development of the national language, culture, education, education, equality of other countries and countries. The role of the views of the Kazakh intelligentsia in the modernization of national consciousness is revealed.

The reflection of the problem of preservation of national culture in the process of perception of world culture in the work of the national intelligentsia is investigated. Focusing on the specifics of the Kazakh enlightenment, it is emphasized that the idea of enlightenment on Kazakh soil, along with the old feudal discipline and antisocial relations, religious fanaticism, is designed to avoid Russian colonial oppression, to acquire knowledge and science worthy of the demand of the time. The role of the newspaper «Kazakh» in the spiritual growth of the population is revealed, which brought topical issues of Kazakh society of the early twentieth century to the agenda and became a platform for the free opinion of the Kazakh intelligentsia.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES**

ӘОЖ 372.851-514.116

М.Д. Кошанова, А.Б. Нұрмаханбет*

т.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан,
Қазақстан

Email: aida.nurmakhanbet@ayu.edu.kz

***Корреспондент авторы:** : maira.koshanova@ayu.edu.kz

**ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ ШЕШУДЕ ТРИАНГУЛЯЦИЯ ӘДІСІНІҢ
КӨМЕГІМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Түйін

Мектеп оқушыларының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыра отырып, тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістерін оқытуда триангуляция әдісін ұсыну өзекті мәселе. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - тригонометриялық теңдеулерді шешудің арнайы әдіс-тәсілдерін түйіндеу, тригонометриялық теңдеулердің қолжетімді түрлерін қамту сонымен қатар 10-сынып оқушыларының тригонометриялық теңдеулерді шешуге бағытталған есептер жиынтығын талқылау және тригонометриялық теңдеулерді шешуде оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру. Зерттеудің міндеті - 10-сынып оқушыларының тригонометриялық теңдеулерді шешу тақырыбына байланысты есептерді шешудің әдіс-тәсілдерін анықтай отырып, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зерттеудің нәтижелерді қарастыру.

Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде сауалнама, оқыту, сұхбат, тестілеу, өзін-өзі бағалау сондай-ақ белсенді оқыту әдістері қолданылды. Зерттеулер нәтижесінде тригонометриялық теңдеулерді шешуде қолданылатын әрбір әдістің өзіндік ерекшелігі бар екендігі айқындалды. Оқушылар теңдеудің бастапқы берілгеніне қарап, жылдам қажетті әдістерді анықтап, зерттеушілік дағдылары ұлғайтылды. Ғылыми зерттеулердің нәтижесі тригонометриялық теңдеулерді оқытудың тиімді әдістемелік нұсқаулығын жасауда, сондай-ақ ұлттық бірыңғай тестілеудің есептерін шешуде нәтижеге жылдам қол жеткізудің әдісі ретінде қолданылуы мүмкін.

Кілттік сөздер: тригонометриялық теңдеулер, мектеп оқушылары, айнymалыларға алмастыру әдісі, теңдеуді шешу әдістері, триангуляция әдісі

КІРІСПЕ

«Тригонометриялық теңдеулерді шешу» тақырыбы - мектеп математика курсына ең күрделі тақырыптардың бірі. Тригонометриялық теңдеулерді шешу оқушылардың тригонометрия тарауы бойынша меңгерген бүкіл оқу материалына қатысты білімдерін толықтырудың тұжырымдамасын жасайды. Тригонометриялық теңдеулер планиметрия, стереометрия, астрономия, физика және басқа салалардың есептерін шешкен кезде пайда болады. Тригонометриялық теңдеулер мен алгебралық теңдеулер арасындағы негізгі айырмашылық: алгебралық теңдеулерде соңғы шешім сан болады, ал тригонометриялық теңдеулерде - шексіз сан, сондықтан бұл есепті шешуде қиындық тудырады [1].

Тригонометриялық теңдеулерді шешудің кез-келген әдісі, оларды оқушылар тез түсініп шеше алатын қарапайым түрдегі теңдеулерге келтіру үшін қолданылады. Алайда 10-11 сынып оқушыларын математикадан тестілеуге дайындауда, белгілі аралыққа жататын тригонометриялық теңдеудің түбірлерін таңдап алу қиындықтар туындатады. Ғылыми зерттеу жұмысында күрделі тригонометриялық теңдеулердің әдістемесін көрсетуге

бағытталған мысалдар қарастырылады және тригонометриялық теңдеулерді шешудің түрлі әдістерін ұсыну зерттеудің өзектілігі болып табылады.

Мектеп математика курсына тригонометриялық теңдеулерді шешу тақырыбы «Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған» оқулығында қарастырылады. Оқулықта тригонометриялық теңдеулерді шешудің келесі әдістері бар [2]:

- айнымалыны алмастыру және квадрат теңдеуге жақындату әдістері;
- көбейткіштерге жіктеу;
- біртекті тригонометриялық теңдеулер;
- дәрежені төмендету формулаларын қолдану арқылы тригонометриялық теңдеулерді шешу.

Отандық ғалымдар оқушылардың тригонометриялық теңдеулер туралы түсініктерін қалыптастыру мәселесін зерттеп, тригонометриялық теңдеулердің негізгі формулалары, шешу әдістері қарастырған [2].

Қазіргі таңға дейін тригонометриялық теңдеулерді шешу мәселесі ғалымдарды ойландырған күрделі мәселе болып табылады, осы тақырып аясында зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектерінде 10-11 сыныптарға арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқулығының көмегімен тригонометриялық теңдеулерді зерттеу мақсаттарын ескере отырып, қарастырылған тақырыпқа байланысты оқытудың міндетті нәтижелері баяндалған, сонымен қатар талапкерлердің кез келген түрдегі тригонометриялық теңдеулерді шеше білу дағдыларын қалыптастыру жөнінде сипатталған [3].

Тригонометриялық теңдеулер тақырыбы бойынша есептерді шешуге үйретуді кезең-кезеңмен құрылуы керектігін, ол үшін: қарапайым тригонометриялық теңдеулерді шешу дағдыларын дамыту, содан кейін белгілі бір түрлердің тригонометриялық теңдеулерін шешу және тригонометриялық өрнектерді түрлендіру туралы білімді байытуға байланысты әр түрлі теңдеулерді шешуді ұсынғаны белгілі [4], сондай-ақ еңбекте осындай дәйектіліктің негіздемесі келтіріліп, тригонометриялық теңдеулердің мысалдары қарастырылған және оларды шешу әдістері жинақталған.

Тригонометриялық теңдеулердің кейбір түрлерін параметрлермен шешу әдісі баяндалған [5]. Тригонометриялық теңдеулер класын сипаттайтын қос алмастыру әдісі басқа әдістермен салыстырғанда орынды болатындығы және оның артықшылықтары қарастырылған.

Тригонометриялық мәселелермен жұмыс жасау кезінде оқушылар көптеген қиындықтарға тап болатындығы, бұл мәселе бойынша оқушыларды олардың жауаптарындағы қателіктермен бағалауға болатындығы, оқушылардың тригонометриялық теңдеулерге қатысты жіберетін қателерімен күресу жөнінде еңбекте баяндалған [6].

Ғылыми зерттеу жұмыстары барысында сауалнама жүргізіп, оқушылардың тригонометриялық теңдеулерді шешуде едәуір уақыт жоғалтып, нақты шешімге жету қиындыққа жолығатынын анықталды. Зерттеу нәтижелерін мұғалімдер тригонометриялық теңдеулерді оқытудың тиімді әдістемелік нұсқаулығын жасауда, сондай-ақ болашақта осы бағытта оқушылармен жүргізілетін ғылыми жобаларда қолдануға болады. Зерттеу бағытына байланысты психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдай отырып, оқу-әдістемелік құралдарды, оқулықтарды, дидактикалық материалдарды пайдаланып математикалық білім берудің теориясы анықталды.

ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ

Зерттеу нысаны – мектеп математика курсына тригонометриялық теңдеулерді оқыту, ғылыми зерттеу базасы ретінде №15 М.Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясы таңдалды. 31.01.2022-11.03.2022 уақыт аралығында эксперимент жүргізілді. Ғылыми әдіс ретінде оқыту, өзін-өзі бағалау сондай-ақ белсенді оқыту әдістері, ал эмпирикалық әдістерден - сауалнама, сұхбат, бақылау, салыстыру әдістері қолданылды.

10-сынып оқушыларынан тригонометриялық теңдеулерді қаншалықты меңгергендігін

сауалнама барысында анықталды.

Тригонометриялық теңдеуді шешудің түрлі әдістерін оқушыларға түсіндіру үшін оқыту әдісі қолданылды. Бұл әдіс тақырыпты түсіндіруге, оқушылармен әңгімелесу арқылы сабақтың түсінбеген тұстарын талқылауға, көрнекіліктермен тақырыпты одан әрі толық ашуға мүмкіндік берді.

Тригонометриялық теңдеулерді шешудің әдістерін оқушылардың қалай игергендігін тестілеудің көмегімен бақыланды.

Тақырыпты терең оқытып, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда оқытудың белсенді әдістері маңызды рөл атқарды. Бұл әдіс арқылы оқушылар топтасып тапсырмаларды орындап, өзара мәліметтерді алмасып, сонымен қатар топтың әрбір мүшесі бір-бірімен тақырыпты талқылап, тақырып мазмұнын тереңірек ашуға мүмкіндікке ие болды.

Тригонометриялық теңдеуді шешу әдістері тақырыбын қорытындылау үшін 10-сынып оқушыларына өзін-өзі бағалау әдісі қолданылды, бұл әдіс оқушылардың тақырыпты қандай деңгейде түсінгендігін талқылауға мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы әдіс.


НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу нәтижесінде оқушылар тригонометриялық теңдеулерді шешудің түрлі әдістеріне байланысты күрделі есептерді шешуді үйренді, сонымен қатар тақырыпты игеру барысында зерттеудің триангуляция әдісімен танысып, әдістің көмегімен тақырыпты меңгеру одан әрі жеңілдей түсті. Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқушыларға берілген есепті қандай әдіспен шығаруға болатындығын талқылауға, өзіндік пікірін еш қорқынышсыз ұсынуға, берілген мәселені өз бетімен шешуге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың тақырыпты игеру және де тәжірибелік жұмыстар жүргізу барысын, тест сұрақтары арқылы анықтап, қорытынды жасалынды. Жүргізілген жұмыстың тиімділігін анықтау үшін оқушыларға бақылау әдісі қолданылды. Алынған бақылау нәтижесінде зерттеуге қатысқан 10 А 32 оқушының 18-і жоғары деңгейде, 10 оқушы орта деңгейде, 4 оқушы қанағаттанарлықтай деңгейде түсінгендігін бағалап, пәнге деген қызығушылықтары ояңғаны анықталынды.

ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

«Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған» оқулығы бойынша оқушыларға тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері тақырыбын оқытуға 5 сағат бөлінген. Бұдан тақырыптың 10-сынып оқушылары үшін айтарлықтай күрделі екендігін байқауымызға болады. Зерттеу жүргізетін мектеп оқушыларының тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері тақырыбын қалай меңгергендігі сауалнама барысында анықталынды.

Тригонометриялық теңдеулерге байланысты есептерді шешуде қиындықтар туындайды ма?



Сурет 1 - Оқушылардың тригонометриялық теңдеулерді игеру нәтижелері

1-суретте көрсетілгендей, «Тригонометриялық теңдеулерге байланысты есептерді шешуде қиындықтар туындайды ма?» сұрағына оқушылардың 12,5%-«қиындықтар туындамайды» (4 оқушы), 50%-«белгілі бір қиындықтар бар» (16 оқушы), 37,5%-«тақырып бойынша әлі үйренерім көп» (12 оқушы) деп жауап берген. Бұл мәліметтерді диагностикалай келе, оқушылар тригонометриялық теңдеулерді шешуде қиындықтарға жолығатынын анықталды.

Ең алдымен зерттеу жұмысы оқушыларға тригонометриялық теңдеуді шешудің негізгі әдістерін мектеп оқулығы бойынша түсіндіру арқылы басталды [3]. Оқушылармен сұхбаттасып, әңгімелесу арқылы оқушылардың ойын еркін айтуға мүмкіндік алынды. Тақырыпты түсінбеген тұстарын оқыту әдістемесінің көмегімен талқыланды. Әдістеме барысында оқушыларға өткен тригонометрия формулаларын көрнекілік құралдармен еске түсіріп, тригонометриялық теңдеулерді шешудің әдістері тақырыбымен байланысын көрсете отырып, интерактивті тақта көмегімен осы тақырып бойынша ғалымдардың күрделі есептерді шешудің жолдары қалай ұсынғандығы түсіндірілді [8]. Тригонометриялық теңдеулердің болашақта ҰБТ-де кездесетінін оқушыларға түсіндіріп, тақырыпқа байланысты қосымша есептерді өздері жақсы білетін youtube, google секілді әлеуметтік желілерден қарап, қосымша онлайн тесттер тапсырып, білімдерін одан әрі шыңдап, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетілді.

Күрделі тригонометриялық теңдеулерге келесідей мысалдар келтірілді.

1-мысал. $3\sin^2 x - \sin 2x + 2\cos^4 x + 4\sin^4 x = 2$ (1) түрінде берілген теңдеуді біртекті тригонометриялық теңдеуге келтіру әдісімен шешу қажет [9].

Шешуі: Бұл жағдайда (1) теңдеудің сол жағы біртекті функция емес, ал оң жағында нөлден өзгеше сан бар. (1) теңдеуді келесідей түрлендіреміз:

$3\sin^2 x - 2\sin x \cos x$ өрнегін $\sin^2 x + \cos^2 x \equiv 1$ теңдеуіне көбейтеміз де, ал оң жағы $2 = 2(\sin^2 x + \cos^2 x)^2$ теңдеуіне тең.

$$\begin{aligned} (3\sin^2 x - \sin 2x)(\sin^2 x + \cos^2 x)^2 + \cos^4 x + 4\sin^4 x &= 2(\sin^2 x + \cos^2 x)^2 \Leftrightarrow \\ 3\sin^4 x + 3\sin^2 x \cos^2 x - 2\sin^3 x \cos x - 2\sin x \cos^3 x + \cos^4 x + 4\sin^4 x &= \\ = 2\sin^4 x + 4\sin^2 x \cos^2 x + 2\cos^4 x \end{aligned} \quad (2)$$

немесе

$$\begin{aligned} 5\sin^4 x - 2\sin^3 x \cos x - \sin^2 x \cos^2 x - 2\sin x \cos^3 x &= 0 \Leftrightarrow \\ \Leftrightarrow \begin{cases} \sin x = 0 \\ 5\sin^3 x - 2\sin^2 x \cos x - 2\sin x \cos^2 x - 2\cos^3 x = 0 \end{cases} \end{aligned} \quad (3)$$

(2) теңдеудің түбірі $x = \pi n$, $n \in Z$ ал (3) теңдеу - үшінші дәрежелі біртекті теңдеуге тең және төмендегідей:

$$5t^3 - 2t^2 - t - 2 = 0 \quad (4)$$

мұндағы, $t = \operatorname{tg} x$.

(4) теңдеудегі қосылғыштарды қайта құру арқылы

$$(5t^3 - 5t^2) + (3t^2 - 3t) + (2t - 2) = 0 \Leftrightarrow (t-1)(5t^2 + 3t + 2) = 0 \quad (5)$$

теңдеуіне ие боламыз. Бұл теңдеудің тек бір ғана түбірі бар: $t = 1$ яғни $\operatorname{tg} x = 1 \Leftrightarrow$

$$x = \frac{\pi}{4} + \pi n; \quad n \in Z$$

Жауабы: $x_1 = \pi n, n \in Z; \quad x_2 = \frac{\pi}{4} + \pi m, m \in Z.$

2-мысал. $\sin x + \sqrt{3} \cos x = \sqrt{2}$ (6) теңдеуін көмекші бұрышты енгізу әдісі арқылы шешу қажет [9].

Шешуі: (6) теңдеудің екі жағын да $\sqrt{(\sqrt{3})^2 + 1} = 2$ бөлсек,

$$\frac{1}{2} \sin x + \frac{\sqrt{3}}{2} \cos x = \frac{\sqrt{2}}{2} \tag{7}$$

теңдеуіне ие боламыз.

$\cos \alpha = \frac{1}{2}, \sin \alpha = \frac{\sqrt{3}}{2}$ екендігін қабылдаймыз, яғни $\alpha = \frac{\pi}{3}$ болғанда,

$$\cos \frac{\pi}{3} \sin x + \sin \frac{\pi}{3} \cos x = \frac{\sqrt{2}}{2} \quad \Leftrightarrow \quad \sin \left(x + \frac{\pi}{3} \right) = \frac{\sqrt{2}}{2} \quad \Leftrightarrow \tag{8}$$

$$x = -\frac{\pi}{3} + (-1)^n \frac{\pi}{4} + \pi n, \quad n \in Z \tag{9}$$

орынды.

Жауабы: $x = -\frac{\pi}{3} + (-1)^n \frac{\pi}{4} + \pi n, \quad n \in Z$

3-мысал. $1 + \cos 4x = \frac{2}{\sin x}$ (10) тригонометриялық теңдеуінің сол жағын $0 \leq 1 + \cos 4x \leq 2$

аралығында, барлық $x \in R$ үшін, ал оң жағын $\frac{2}{\sin x} \geq 2$ барлық $x \in R$ үшін, $\sin x > 0$ түрінде бағалау әдісін қолданып шешу керек [9].

Егер $\sin x < 0$ болса, онда $\frac{2}{\sin x} < 0$, ал сол жақтағы $(1 + \cos 4x)$ өрнегі барлық $x \in R$ үшін теріс емес. Сондықтан $x \in (-\pi + 2\pi k, \pi k), k \in Z$ үшін (10) теңдеудің шешімі болмайды.

Демек, x^* теңдеуінің шешімі болмаса, бір мезгілде келесі теңдеу орындалуы қажет:

$$\begin{cases} 1 + \cos 4x^* = 2 \\ \frac{2}{\sin x^*} = 2 \end{cases} \tag{11}$$

x^* мәнінің бұл жағдайда бар екендігін көру қиын емес, және ол $x^* = \frac{\pi}{2} + \pi k, k \in Z$ тең.

Жауабы: $x^* = \frac{\pi}{2} + \pi k, k \in Z$

4-мысал. $\sin 2x - 4(\sin x + \cos x) + 4 = 0$ (12) түріндегі тригонометриялық теңдеуді айнымалыларға алмастыру әдісінің көмегімен шешу қажет [9].

Шешуі: $\sin 2x = 2 \sin x \cos x$ тригонометрия формуласын қолдансақ, $(\sin x + \cos x)^2 = \sin^2 x + 2 \sin x \cos x + \cos^2 x = 1 + 2 \sin x \cos x, \quad \sin 2x = (\sin x + \cos x)^2 - 1$ берілген (12) теңдеу келесідей түрге енеді:

$$\left((\sin x + \cos x)^2 - 1 \right) - 4(\sin x + \cos x) + 4 = 0 \quad (13)$$

$$\sin x + \cos x = z \quad (14)$$

айнымалысын енгізейік,

$$(z^2 - 1) - 4 \cdot z + 4 = 0, \quad z^2 - 4z + 3 = 0, \quad z_1 = 1, \quad z_2 = 3 \quad (15)$$

Табылған (15) түбірлерді орындарына қойсақ:

$$1) \sin x + \cos x = 1, \quad \frac{1}{\sqrt{2}} \sin x + \frac{1}{\sqrt{2}} \cos x = \frac{1}{\sqrt{2}}$$

$$\sin \frac{\pi}{4} \sin x + \cos \frac{\pi}{4} \cos x = \frac{\sqrt{2}}{2} \quad \cos \left(x - \frac{\pi}{4} \right) = \frac{\sqrt{2}}{2}$$

$$x = \frac{\pi}{4} \pm \frac{\pi}{4} + 2\pi n, n \in Z$$

$$2) \sin x + \cos x = 3, \quad x \in \emptyset, \quad \sin x \leq 1, \quad \cos x \leq 1 \Rightarrow \sin x + \cos x \leq 2$$

$$\text{Жауабы: } x = \frac{\pi}{4} \pm \frac{\pi}{4} + 2\pi n, n \in Z$$

5-мысал. $\sin^2 x + \sin^2 3x = 1$ (16) тригонометриялық теңдеудің дәрежені төмендету әдісі арқылы шығару қажет [10].

Шешуі: $\sin^2 x = \frac{1 - \cos 2x}{2}$ формуласын берілген (16) теңдеуге қолданып,

$$\frac{1 - \cos 2x}{2} + \frac{1 - \cos 6x}{2} = 1 \quad (17) \text{ теңдеуді аламыз. (17) теңдеуді ықшамдай келе, } -\cos 2x - \cos 6x = 0$$


$\Leftrightarrow \cos 2x + \cos 6x = 0$ тригонометриялық формуланың қосу формуласын қолдансақ,
 $2 \cos 4x \cdot \cos 2x = 0$ теңдеуге өзгереді де, $\cos 4x \cdot \cos 2x = 0$ теңдеуі келіп шығады.

$$\cos 4x = 0, \quad 4x = \frac{\pi}{2} + \pi n, \quad n \in Z \quad \cos 2x = 0, \quad 2x = \frac{\pi}{2} + \pi k, \quad k \in Z$$

$$\begin{cases} x = \frac{\pi}{8} + \frac{\pi n}{4}, & n \in Z \\ x = \frac{\pi}{4} + \frac{\pi k}{2}, & k \in Z \end{cases}$$

$$\text{Жауабы: } \frac{\pi}{8} + \frac{\pi n}{4}, \quad n \in Z; \quad \frac{\pi}{4} + \frac{\pi k}{2}, \quad k \in Z$$

Оқыту әдістемесі бойынша оқушылардың жаңа тақырыпты қаншалықты меңгеріп, қабылдағанын анықтау мақсатында триангуляция әдісі қолданылды. Триангуляция әдісі тестілеу мәліметтері мен сұхбаттарды салыстыру арқылы жасалынады [11]. Зерттеу барысында ең алдымен бақылау әдістемесі жүзеге асырылды. Тригонометриялық теңдеудің негізгі әдістеріне байланысты 10 тапсырмаға негізделген тестілеу жұмысы жүргізіліп, тест тапсырмасын орындау кезінде тек нұсқаларды белгілеп қоймай, есепті толық шығарып, түсінбеген тұстарын жаза отырып, қай әдісті меңгеруде қиындыққа тап болғандығы анықталынды. Тестте әр сұраққа 10 ұпай берілді. 32 оқушының тест тапсырмасы бойынша нәтижесі (2-суретте) көрсетілген.



Сурет 2 - Оқушылардың тригонометриялық теңдеулердің әдістерін меңгеру нәтижесі

Тестілеу нәтижесінде оқушылардың 12,5%-ы (4 оқушы) 50-60 балл аралығында ұпай жинаған оқушылар тақырып бойынша әлі де қосымша мәліметтерді меңгеруі қажет екендігін көрсетті, 31,25%-ы (10 оқушы) 60-80 балл деңгейінде жауап беріп, қиындық тудырған сұрақтар бойынша жұмыс жасау керектігін, 56,25%-ы (18 оқушы) 80-100 балл аралығында ұпай жинаған оқушылар өте жақсы нәтиже көрсетті. Зерттеу нәтижелерін талдай отырып, тригонометриялық теңдеулерді оқытуда оң динамиканы атап өтуге болады.

Тестілеу бойынша 3 (А,Б,С) оқушының бір есепке берген жауабы талқыланды. Оқушылардың жауаптарын талдау үшін А,Б,С оқушылардан сұхбат алынды. Сұхбаттың мақсаты - сұрақ-жауап арқылы оқушылардың қателескен тұстарын талқылау және де есептің қай жерінен қателік жібергендігін анықтай отырып, өздерінің берген жауаптарына сенімділіктерін тексеру. Оқушылар алмастыру әдісін қолдану барысында қателік жібергендігі анықталды, есепті шешу барысында алмастыру енгізіп, квадрат теңдеуді шешіп, бастапқы теңдеудің орнына табылған мәнді қоюда қиындық тудырған. Бұл мәселені шешу үшін оқушыларға алмастыру әдісіне байланысты [12] шығарылу жолдарымен берілген түрлі есептер көрсетілді.

Оқушылар болашақта тригонометриялық теңдеулерді шешудің негізгі әдістерін ұмытпай, сондай-ақ есептің берілгенін көргенде қай әдісті қолдану керектігін бірден еске түсіруі үшін, осы тақырып аясында алдағы уақытта есеп кездескен жағдайда бағыт-бағдар беру үшін оқушыларға арнайы карточка ұсынылды. Карточкада тригонометриялық теңдеуді шешу әдістерінің жолдары [13] мысалдармен ықшамдалып келтірілген.

Зерттеу нәтижесінде оқушылар тригонометриялық теңдеулерді шешудің түрлі әдістеріне байланысты күрделі есептерді шешуді үйренді, сонымен қатар тақырыпты игеру барысында зерттеудің триангуляция әдісімен танысып, әдістің көмегімен тақырыпты меңгеру одан әрі жеңілдей түсті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тригонометриялық есептеулер, оның ішінде тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері қолданбалы ғылымдарда айтарлықтай жиі қолданылады, сондықтан тригонометриялық теңдеулер орта мектептің бағдарламаларында маңызды тақырып.

№15 М.Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сынып оқушыларына «Тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістерін» оқытудың әдістемесі көрсетілді және ұсынылған әдістің тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілді. 10-сыныптың 32 оқушысына тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері

түсіндірілді, оқушылардың тақырыпты игеру нәтижесін тексеру үшін триангуляция әдісі қолданылды. Бұл әдістің тиімділігі оқушылар тек есепті шешіп қоймай, сұхбат алып, сұрақтарға жауап беру кезінде олардың тапсырма барысында қателескен тұстарын анықтап, ұсынған жауаптарын талқылай отырып, жіберілген қателіктермен жұмыс жасап, тақырыпты терең оқытуға мүмкіндік алынады. Тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістерін оқытуда оқушылардың білімін арттыруға бағытталған теориялық және практикалық зерттеулердің нәтижесінде оқушылардың 12,5%-ы тақырып бойынша әлі де қосымша мәліметтерді меңгеруі қажет екендігі, 31,25%-ы қиындық тудырған сұрақтар бойынша жұмыс жасау керектігі, 56,25%-ы жоғары көрсеткішке ие бола отырып, тақырыпты түсінгендігі анықталды.

Ғылыми зерттеу жұмысында мектеп оқулығында кездеспейтін күрделі тригонометриялық теңдеулерді шешу әдістері ұсынылды.

Ғылыми зерттеу нәтижелері келешекте математика пәнінің оқытушылары үшін оқыту процессін жүргізудегі тиімді әдістемелік құрал ретінде, сондай-ақ дарынды оқушыларды ғылыми жобаларға даярлау барысында бағыт-бағдар беретін көмекші оқыту материалы ретінде қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Istadi, Kusmayadi T.A., Sujadi I. Students' mathematical representations on secondary school in solving trigonometric problems // J. International Conference on Mathematics: Education, Theory and Application. – 2021. DOI: <https://doi.org/10.1088/1742-6596/855/1/012021>
2. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған Алгебра және анализ бастамалары оқулығы. 2–бөлім. – Алматы: Мектеп баспасы, 2019. – 176 б.
3. Сафонова А.С. Методика обучения теме решение тригонометрических уравнений в общеобразовательном и профильном курсе математики. - Белгород, 2017. - 73 с. Режим доступа: <http://dspace.bsu.edu.ru/handle/123456789/31561>
4. Костюченко Р.Ю. Алгоритмический подход к обучению школьников решению тригонометрических уравнений // J. Pedagogy. Psychology. Innovations in the field of education. – 2015. - SECTION 21. DOI: <https://doi.org/10.15863/TAS>
5. Гузаиров Г.М., Мунасыпов Н.А., Сафарова А.Д., Черемисина М.И. Двойная подстановка в тригонометрических уравнениях // Ж. Мир науки, культуры, образования. - 2020. - № 3.(82). Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/dvoynaya-podstanovka-v-trigonometricheskih-uravneniyah>
6. Fahrudin D., Mardiyana and Pramudya I. Profile of students' errors in trigonometry equations // IOP Journal of Physics: Conference Series. – 2019. DOI: <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1188/1/012044>
7. Келдибекова А.О. Базовые принципы решения олимпиадных заданий по тригонометрии // J. Pedagogical sciences (13.00.00). international journal of experimental education. - 2018. - № 9.
8. Новиков А.И. Тригонометрические функции, уравнения и неравенства. - Москва: Физматлит, 2010. - 260 с.
9. Гончарова З.Г., Дёмина Т.Ю., Неискашова Е.В., Демин В.В. Один из методов отбора корней при решении тригонометрических уравнений. // Ж. Управление образованием: теория и практика. Education Management Review. - 2021. - Том 11. - №3. - Issue 3.
10. Rohimah S.M., Prabawanto S. Students' difficulties in solving trigonometric equations and identities. // Journal of Physics: Conference Series. – 2020. DOI: <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1521/3/032002>
11. Нурбаева Д.М., Нурмухамедова Ж.М., Ералиев С., Косанов Б.М. О развитии мышления учащихся при решении тригонометрических уравнений и неравенств в школьном курсе алгебры. // Ж. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Физико-математические науки». – 2020. - 138–143 с. - №1(69). DOI: <https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7901.23>

12. Hadi W., Faradillah A. Application of Discovery Learning Method in Mathematical Proof of Students in Trigonometry // J. Desimal: Jurnal Matematika. – 2020. – Vol. 3. - № 1. - P.73-82. DOI: <https://doi.org/10.24042/djm>

Аннотация

Использование метода триангуляции в обучении методам решения тригонометрических уравнений при формировании исследовательских умений школьников является актуальным вопросом. Основная цель исследовательской работы – обобщить специальные методы решения тригонометрических уравнений, охватить имеющиеся виды тригонометрических уравнений, а также обсудить комплекс задач, направленных на решение тригонометрических уравнений учащихся 10-х классов и сформировать исследовательскую навыки учащихся в решении тригонометрических уравнений. Задачей исследования является рассмотрение результатов исследования, направленного на формирование исследовательских умений учащихся, определение методов решения задач, связанных с темой решения тригонометрических уравнений учащихся 10-х классов.

При проведении научных исследований применялись опросы, тренинги, интервью, тестирование, самооценка, а также активные методы обучения. В результате исследований было определено, что каждый метод, применяемый при решении тригонометрических уравнений, имеет свои особенности. Студенты посмотрели на исходное уравнение, быстро определили необходимые методы и повысили свои исследовательские навыки. Результаты научных исследований могут быть использованы при создании эффективного методического пособия по обучению тригонометрическим уравнениям, а также при решении задач национального единого теста как метода быстрого достижения результатов.

Abstract

Presenting the triangulation method in teaching the methods of solving trigonometric equations while forming the research skills of schoolchildren is an actual issue. The main purpose of the research work is to summarize the special methods of solving trigonometric equations, to cover the available types of trigonometric equations, as well as to discuss the set of problems aimed at solving trigonometric equations of 10th grade students and to form the research skills of students in solving trigonometric equations. The task of the research is to consider the results of the research aimed at forming the research skills of students, determining the methods of solving problems related to the topic of solving trigonometric equations of 10th grade students.

Surveys, training, interviews, testing, self-assessment, as well as active learning methods were used during the conduct of scientific research. As a result of research, it was determined that each method used in solving trigonometric equations has its own characteristics. Students looked at the original equation, quickly determined the necessary methods, and increased their research skills. The results of scientific research can be used in the creation of an effective methodological guide for teaching trigonometric equations, as well as in solving the problems of the national unified test as a method of quickly achieving results.

МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ
TECHNICAL SCIENCES

Б. Абзалбекулы¹, Е. А. Кенжебаев²

¹ PhD, и.о. доцента, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

² магистрант, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЧНОСТНЫХ СВОЙСТВ НЕТКАНЫХ ПОЛОТЕН ИЗ ШЕРСТИ ОВЕЦ

3

А.М. Егинбай¹, А.А. Бурабаев², К.Е. Арыстанбаев²

Докторант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

к.б.н, доцент, Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

к.т.н, доцент, Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМ ПО СОХРАНЕНИЮ ГЕНОФОНДА ЛЕКАРСТВЕННЫХ РАСТЕНИЙ ВХОДЯЩИХ В КРАСНУЮ КНИГУ КАЗАХСТАНА

8

А.Р. Кембаев¹, Г.Ж. Бимбетова¹, Б.Т. Маренов¹, Р.К. Токсамбаева²

¹ докторант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹ т.ғ.к., профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹ Ph.D, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

² магистр, М.Х.Дулати атындағы ТарӨУ Тараз, Қазақстан

МҰНАЙҒАЗ ҰНҒЫМАЛАРЫНА ШЕГЕНДЕУ БАҒАНАЛАРЫН БЕКІТУ ҮШІН ТАМПОНАЖДЫ ҚОСПАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

15

Г.К. Омарова¹, А.К. Тулекбаева^{1*}, А.А. Токтабек¹, М.Б. Кенжеханова², О.Н. Корсун³

¹ магистрант ОП 7М07510- Стандартизация и сертификация, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

¹ к.т.н., доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

¹ старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

² докторант, Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

³ д.т.н., профессор, Московский физико-технический университет, Москва, Россия

РАЗРАБОТКА МЕТОДИКИ ВЫПОЛНЕНИЯ ИЗМЕРЕНИЙ И ИСПЫТАНИЙ С ПРИМЕНЕНИЕМ МЕТОДОЛОГИИ ПРОЕКТНОГО МЕНЕДЖМЕНТА

20

Б.М. Хамитова*, М.Ә. Тұрлыбек

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫ СҮТ САРЫСУЫМЕН ЭКСТРАГИРЛЕУДІҢ ОҢТАЙЛЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН АНЫҚТАУ

273

**ИНФОРМАТИКА, ИТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ИНФОРМАТИКА, ИТ-ТЕХНОЛОГИИ
COMPUTER SCIENCE, INFORMATION TECHNOLOGIES**

С.К. Мелдебекова¹, М.Д. Қошанова¹, А.Б. Иманбаева²

¹докторант, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

¹ ф.-м.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

² ф.-м.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК

34

Г.Х. Санакова¹, М.Н. Иманкул¹, Ж. Алдияров^{2*}

¹магистрант ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан

¹к.т.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан

²к.т.н., ЮКУ им. М. Ауезова, Шымкент, Қазақстан

**ИССЛЕДОВАНИЕ МЕТОДОВ ОБНАРУЖЕНИЯ И ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ
СЕТЕВЫХ КОМПЬЮТЕРНЫХ АТАК НА УЗЛЫ СЕТИ**

40

К.И. Усманов, Ф.П. Полатова*

ф.-м.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ –түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ –түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

**5-6 СЫНЫП МАТЕМАТИКА ПӘНІНДЕ СТАТИСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН
АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП
ОҚЫТУ**

45

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
PEDAGOGICAL SCIENCES AND HUMANITIES**

Н.М.Абдукадыров

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕН СУЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫ
РЕТТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

54

Г.М. Адырбекова^{1*}, Қ.Н. Мусабаева¹, А.К. Журкабаева²

¹х.ғ.к., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

¹магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

²бастауш сыныптардың мұғалімі, №10 «Жеңіс» мектеп-гимназия, Асықата, Қазақстан
**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕ БАСТАУЫШ
СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

60

Г.Т. Атемова, Х.Ж. Смағұл*, А.С. Сабекова

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӨСУ ЖОЛДАРЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 70-90 ЖЖ.)

63

Ш.М. Кайымова, А.К. Мамырбекова*

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

х.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ ҚОЛДАНУЫМЕН ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ЗЕРТТЕУ

68

А.А. Килибаев, Е.А. Битабаров, В.В. Сотов, Н.В. Колесникова, А.Б. Жумабаев

доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
к.п.н., Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

ВЫНОСЛИВОСТЬ - КАК ОДНО ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ФИЗИЧЕСКИХ КАЧЕСТВ

81

А.А. Килибаев, Ю.А. Таиров, Е.А. Битабаров, М.А. Изосимова, Э.М. Кулуйбаева

¹доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

¹профессор, Заслуженный тренер РК, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²к.п.н., ст. преподаватель, Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан

¹ст. преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

¹ст. лаборант, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

88

Н.В. Колесникова, В.В. Сотов, К.Д. Айдарбеков, А.Б. Жумабаев, У.Ж. Усаев

магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

магистр, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

АДАПТИВНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА КАК ВОЗМОЖНОСТЬ САМОРЕАЛИЗАЦИИ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ЛЮДЕЙ С РАЗЛИЧНЫМИ ФИЗИЧЕСКИМИ И УМСТВЕННЫМИ НЕДОСТАТКАМИ

93

М.Д.Кошанова, Г.Қ. Жанайдар*

т.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДЕ ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

97

М. А. Османова¹, А.Т.Сарипбекова²

¹магистрант, Таразский региональный университет, Тараз, Казахстан

²старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

ПЕСОЧНАЯ ТЕРАПИЯ - ОДИН ИЗ МЕТОДОВ АРТ-ТЕРАПИИ

106

В.В. Сотов¹, Н.В. Колесникова¹, Е.А. Килибаев^{2*}, К.С. Сихымбаев², М.А. Изосимова²

¹магистр, ЮКГПУ, Шымкент, Казахстан

¹магистр, ЮКГПУ, Шымкент, Казахстан

²ст. преподаватель, ЮКУ им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

²ст. преподаватель, ЮКУ им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

²ст. преподаватель, ЮКУ им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан

СОДЕРЖАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ «ПЛАВАНИЕ» И ЕЕ РОЛЬ В ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКЕ УЧИТЕЛЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

110

Н.Б. Тастан, К.Ж. Назарова

магистрант, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркестан, Қазақстан

ф.-м.ғ.к., доцент, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркестан, Қазақстан

МЕКТЕП АЛГЕБРА КУРСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІКТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ЖҮЙЕЛЕРІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

115

Г.Ж. Утегенова*, С.С.Байменова

ф.ғ.к. доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУДЕГІ КОММУНИКАТОР РӨЛІ

122

А.Б. Шалдарбекова, Н.П. Тәңкіш, Н.А. Сеитова

Философия ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Философия докторы (PhD), аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Студент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ОРНЫ

125

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ, ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ, НАУКИ О ЖИЗНИ
NATURAL SCIENCES, LIFE SCIENCES**

М.Д. Кошанова, А.Б. Нұрмаханбет*

т.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

**ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУДЕ ТРИАНГУЛЯЦИЯ
ӘДІСІНІҢ КӨМЕГІМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

131

Ғылыми журнал

2018 жылдан бастап жылына 4 рет шығарылады

Редактор: Назарбек У.Б.

Жауапты редактор: Айнабеков Н.Б.

Техникалық редактор: Александриди Е.Ю.

Меншік иесі: М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген № 16794–Ж (14.12.2017 ж.)

20.09.2022 ж. баспаға қол қойылды. Көлемі 9.1 б.т. Тираж 300 дана.
Жазу қағазы. Офсеттік баспа. Тапсырыс № 3777. М. Әуезов атындағы ОҚУ, АҒД
Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, тел: 21-19-82

